Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

3 мамыр /ЖҰМА/ 2019 жыл

№63-64 (19741-19742)

БІЛІМ/2

Алгебра сабағы

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 74 ЖЫЛ/3

Майдангер

ҰЛТ ӨНЕРІ/4

Атсейіс

Бірлік – басты құндылық

Суретті түсірген Б.Есжанов

Еліміздегі татулық пен түсіністіктің жарқын мерекесі – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Сыр сүлейлері» аллеясында ауқымды шара ұйымдастырылды. Оған облыс әкімінің орынбасарлары Қуанышбек Ысқақов пен Руслан Рүстемов, қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, аймақ тұрғындарын ынтымақ күнімен құттықтады.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Шарада Қуанышбек Досмайылұлы тыныштық пен татулық, ұлтаралық келісімнің сақталуы қазақ халқының дархан пейілі мен Ұлт көшбасшысы саясатының жемісі екенін атап өтті. Қазір еліміздегі сан түрлі ұлттың бірлігіне, ұлтаралық татулықты нығайтуға қызмет ететін басты құрылым – Қазақстан халқы Ассамблеясы. Қоғамымызда алуан түрлі мәдениеттің тоғысуы, сенім мен сыйластықтың салтанат құруы елдің артықшылығы мен жетістігіне айналып үлгергені белгілі. Ал біздің облыста 11 ұлттық этномәдени бірлестік өкілдері қызмет етуде.

Бұл күні «Сыр сүлейлері» аллеясында түрлі ұлт өкілдерінің қатысуымен концерт қойылып, қызылордалық өнер қайраткерлері мерекенің ажарын арттырды. Сондай-ақ, өткен жыл Қазақстанда Өзбекстан жылы деп жарияланса, биыл Өзбекстандағы Қазақстан жылы. Екі ел арасындағы достықтың нышаны ретінде Өзбекстаннан арнайы келген «Osiyo» өнер ұжымы Сыр даласын думанға бөледі.

Мерекеге орай аллеяда спорт түрлерінен сайыс, облыс орталығында қалалық филармония өнерпаздарының концерті ұйымдастырылса, «Шығармашылық Арбатта» қолөнер шеберлері халыққа авторлық туындыларын ұсынды.

СПАРТАКИАДА

Сыр спортындағы серпін

Қызылордада бокстан ерлер арасында Қазақстан Республикасының V жазғы спартакиадасы басталды. Облыс тарихында алғаш рет ұйымдастырылған жарысқа Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен барлық облыстардан 17 команда қатысып, 10 салмақ дәрежесі бойынша 146 былғары қолғап шебері жұдырықтасатын болады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Жарыстың салтанатты ашылуында облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы, бокстан Әлем, Олимпиада чемпионы Серік Сәпиев сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Биыл Сыр өңірінің тарихында бірінші рет ерлер арасында бокстан Қазақстан Республикасының спартакиадасы өтуде. Бәсеке Сыр спортының дамуына серпін беріп, жасөспірімдердің бокска қызығушылығын одан әрі арттыра береді деген сенімдеміз. Ақпан айында басталған еліміздің V жазғы спартакиадасы спорттың 40 түрінен өтуде. Сыр елінде гандбол және бокс түрлерінен жарыстар өткізу жоспарланған.

Спартакиада бағдарламасы бойынша ұйымдастырылған спорт түрлерінен Сыр спортшылары еркін күрестен жалпыкомандалық есепте 3-орынды иеленсе, гандболшыларымыз 1-орынды жеңіп алды. Алты айға созылатын спорттық шара тамыз айында өз мәресіне жетпек.

Бүгінгі сайысқа қатысушыларға жақсы көңіл-күй, жоғары спорттық нәтиже, сәттілік пен рухани сергектік тілеймін, – деді облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемов. Мұнан кейін спартакиада ресми түрде ашылды.

Айта кетейік, бес күнге созылатын бәстің жартылай финалы 6 мамыр күні, финалдық кездесу 7 мамырда өтетін болады.

Қазіргі таңда облыста бокспен 4000-ға жуық спортшы шұғылданады. Оның ішінде 18 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде 2552 бала шеберлігін шыңдауда.

Айта кетейік, жуырда Таиландтың Бангкок қаласында өткен Азия чемпионатында еліміздің спортшылары 7 медаль алды. Олардың арасында жерлестеріміз Тұрсынбай Құлахмет алтын медаль иеленіп, еліміздің туын желбіретсе, Қамшыбек Қоңқабаев күміс жүлдеге ие болды.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 74 ЖЫЛ

Құлмановқа құрмет

Облыс әкімінің орынбасары Қуанышбек Ысқақов Ұлы Отан соғысының ардагері Бөрібай Құлмановты алдағы Жеңіс күнімен құттықтады.

Қуанышбек Ысқақов ардагермен сұқбаттасып, оған зор денсаулық, ұзақ өмір тіледі. Өз кезегінде Бөрібай аға мұндай ілтипатқа алғыс айтып, қазақстандықтарға бейбітшілік пен амандық тілейтінін жеткізді.

Бөрібай Құлманұлы 1920 жылы 6 маусымда Қызылорда облысы Сырдария ауданында дүниеге келген. Майданда Ржевск пен Приволжьені азат етуге қатысқан, «Қызыл Жұлдыз», «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет» ордендерімен марапатталған.

Игі дәстүр бойынша Ұлы Жеңіс күні қарсаңында мемлекеттік орган басшылары аймақ ардагерлерін мерекемен құттықтайды. Сондай-ақ, мереке қарсаңында облыс әкімінің қатысуымен ардагерлерді дәстүрлі қабылдау өтеді деп жоспарланып отыр.

Облыста 25 Ұлы Отан соғысының ардагері және 4809 тыл еңбеккері тұрады. Осы жылы соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне материалдық және әлеуметтік көмек көрсетуге 404,4 млн теңге бөлінді. Оның ішінде Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне 202 мың теңге, соғыс жылдарындағы ерен еңбегі үшін ордендермен және медальдармен марапатталғандарға 126 мың теңге, ҰОС кезінде 6 айдан астам жұмыс істегендерге 75 мың теңгеден көмек берілді.

«СБ» ақпарат.

КӘСІП

Бал арасын бағамын десеңіз...

Бұған дейін басылым бетіне ара өсіруді дамытып, табыс тауып жүрген жаңақорғандық Орынбек Асылбаевтың шаруашылығы жайында жазғанымыз бар. Міне, енді Аралдағы Серік Якудаев ақсақалдың кәсібімен танысудың сәті түсті.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Ара демекші, бал арасын зерттеп тану қиынның қиыны. Белгілісі, адам денсаулығына мың дауасы бар. Бір ғана мысал, араның қанатының суылы бізге байқалмаса да, онымен демалған адамға күш-қуат беретін қасиеті бар екен. Табиғатынан ерекше жаратылысқа ие жәндіктің өмір сүру қағидаты да тым бөлек. Сан түрлі гүл мен өсімдіктен түрлі қорек жинайтын бал араның емге шипа болар, адам денсаулығында маңызды рөл атқаратыны айтпаса да түсінікті.

Құмбазар ауылының тұрғыны Серік ақсақал 42 жыл ветеринария саласында абыройлы қызмет атқарып, зейнет демалысына шыққан. Зейнеттемін деп қарап жатпағанға ұқсайды. Бұрыннан жалқаулыққа жаны қас ақсақал өзі қызығатын ара өсіру ісін қолға алған. Сөйтіп, облыстағы түрлі омарташылардан сабақ алып, 15 күндей арнайы курстарда оқыған көрінеді. Әбден ізденіп, жан-жақты саралаған соң, бар ынтасымен бизнес жоспар дайындапты. Онысын «Атамекен» кәсіпкерлер палатасына ұсынып, жобасы үздіктер қатарынан көрінген.

– «Даму» қоры арқылы 1 млн 275 мың теңге қайтарымсыз грант ұтып алған соң, 20 ұя «карпат» тұқымды ара мен бал өндіруге қажетті құрал-жабдықтарымды сатып алдым. Қасыма көмекші ретінде бір жұмысшы бекіттім. Бастапқыда жергілікті ауа райы аралардың үйренісуіне қиындық туғызды. Сондықтан, оларды 20 күндей қолдан бал дайындап бақтым. Артынша, дарияға жақын апарып орналастырдым. Себебі, мұнда оларға азық боларлық шеңгел, жиде, түрлі өсімдік гүлдеп жатыр, – дейді омарташы Серік.

Расымен де, аралар айрықша тіршілік иелері. Олар бір ұяда бір аналық, бірнеше жүз аталық және 100 мыңнан астам жұмысшы аралар өмір сүреді. Яғни, бір-бір әулет. Өз патшайымы, оның күтушісі мен күзетшісі болады. Бұдан бөлек, араның ауыз қуысы кішігірім цех. Себебі, гүлден алған шырынды ұясына жеткенше ауыз қуысында балға айналдырады. Серік ағамыздың айтуынша, олардың басты жауы – көгершін, тышқан мен құмырсқа көрінеді. Аралар да бірнеше ауру түрлерімен ауырады. Тағы бір ерекшелігі, олар темекі мен ішімдіктің, әтірдің иісін жақтырмайды. Жанына жақындаған адамнан осы иіс сезілсе, талап тастауға дейін барады. Сонымен қатар, үнемі қозғалыста болатын олардың ұяшықтарында қысы-жазы 30-35 градус температура сақталады екен.

Бүгінде Серік омарташының аралары бал жинау үстінде. Мамыр айының

ортасынан бастап тамыз айына дейін жиналған балды алуға мүмкіндік бар. Бір ұядан аптасына 6-7 келі бал алынса, бір маусымда 100-200 келіге дейін бал қолға тиеді деген сөз. Ал бұны, қаржыға айналдырсаңыз, пайдасы жеткілікті. Міне, қол қусырып жүрген зіңгіттей жігіттерге зейнеткердің үлгісі осындай.

Арал ауданы.

№63-64 (19741-19742) 3 мамыр, жұма 2019 жыл

САЙЛАУ – 2019

Өзіңді тізімнен тексер!

Сайлауға қатысу – әр азаматтың құқы. Дауыс беруге қатысу үшін алдын ала сайлаушылар тізімінен өзінді тексеруге мүмкіндік бар. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аймақтық даму бөлімінің басшысы Ғалымжан Рахметов айтты.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

– Сайлаушылар тізімінің дұрыстығын қамтамасыз етуді тиянақты ұйымдастыру мақсатында облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен «400-200» нөмірлі СаІІ-орталығы және «Өзіңді сайлаушылар тізімінен тексер» мәліметтік сервисі, яғни "saylau.orda.gov.kz" сайты іске қосылды. СаІІ-орталығы облыс әкімдігі ғимаратының үшінші қабатында орналасқан, күнделікті үзіліссіз таңертеңгі 9.00-ден кешкі 19.00-ге дейін жұмыс жасайды. Орталық қызметкерлері азаматтардың сайлаушылар тізіміне қатысты сұрақтарына жауап береді және тиісті ақпараттар ұсынады,– деді ол.

Атап айтатыны, "saylau.orda.gov.kz" сайтына әрбір азамат өзінің жеке сәйкестендіру нөмірін енгізе отырып, «Өзіңді табу» батырмасымен қай сайлау учаскесінен дауыс беретінін және сайлау учаскесінің мекен-жайын біле алады. Ал, өзін бұл тізімнен таппаған жағдайда немесе тұрғылықты мекен-жайы басқа сайлау учаскесінің шекарасынан шыққан болса, тізімге өзгеріс енгізуге толық мүмкіндік бар. Бұл үшін әрбір тұрғын өзінің деректерін аталған электрондық жүйеге енгізе отырып, өтінім қалдырады немесе жауапты қызметкерлермен байланыса отырып өзгерте алады.

Ашықтыққа қоғам ынталы

Президент сайлауын ашық та әділ өткізуге қоғам ынталы. Бұл мақсатта елімізде «Аманат» азаматтық тұғырнамасы құрылып, алғашқы отырысы Нұр-Сұлтан қаласында өткен. Бұл тұғырнаманың белсенді жұмыс жасауына аймағымызда қоғамдық ұйымдар да белсенділік танытып отыр.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Кеше бастамашыл топ өкілдерімен кездесу өткізген «Аманат» азаматтық тұғырнамасының облыстық штаб жетекшісі Анар Ізден оның мүшелерін таныстырып, алдағы жұмыс барысын пысықтады.

– «Аманат» азаматтық тұғырнамасы сайлау үдерісіне қоғамдық мониторинг жасау мақсатында құрылды. Бұл әділ, ашық сайлауға мүдделі ел азаматтарының тәуелсіз ерікті бірлестігі. Штабқа қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдері, жастар, сарапшылар, белсенді азаматтар мүше болды. Аудандарда штаб жұмысын жүргізетін өкілдер бар,– деді ол.

Басқосуда штаб мүшесі, «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту» қоғамдық қорының директоры Жандос Тұсмағамбетов азаматтық тұғырнаманың бес негізгі бағыттан тұратын тұжырымдамасымен таныстырды.

Мұнан әрі штабтың аудандағы өкілдеріне сайлау барысында мониторинг жасаудың тәртібі түсіндірілді.

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫ

Жатақхана жайы талқыланды

Жаңа оқу жылы қарсаңында студенттерді жатақхана мәселесі мазалайды. Бұл жөнінде «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы ұйымдастырған «Президенттің бес әлеуметтік бастамасын» бақылау жөніндегі облыстық қоғамдық кеңес отырысында талқыланды. Облыстық білім басқармасының басшысы Майра Мелдебекова студенттерге жатақханадан қажетті орын санын атап өтті.

Шынар БЕКБАН.

– Соңғы екі жылда Сыр өңірінде облыс әкімдігінің қолдауымен 6 колледждің оқу ғимараты, оқу-өндірістік шеберханалары мен жатақханаларына күрделі, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Биыл жергілікті бюджет қаржысы есебінен 429 млн теңгеге Қармақшы ауданындағы аграрлық-техникалық колледждің жатақханасына күрделі жөндеу жүргізілмек. Жалпы аймақ бойынша жатақханаға қажеттілік 1375 орынды құрап отыр, – деді Майра Мелдебекова.

Қазіргі таңда облыста 10772 студент білім алып отырған 3 жоғары оқу орны, 20985 студенті бар 29 колледж жұмыс істейді. Солардың ішінде 11 колледждің студенттеріне жатақханадан барлығы 1375 орын керек. Қызылорда медициналық жоғары колледжіне де қосымша 1 жатақханаға қажеттілік туындап отыр.

– Былтыр 1-жартыжылдықта 4 техникалық және кәсіптік білім беру, 11 жалпы орта білім беру және 5 мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына ішінара тексеру жүргізілген. Тексеру қорытындысымен барлық 20 білім беру ұйымына әкімшілік іс қозғалып, әкімшілік айыппұлдар салынды. Сонымен қатар, аталған білім ұйымдарының қорытынды актілеріндегі мәліметтер ұлттық білім беру деректер қорына енгізілген мәліметтермен сәйкестендірілді, – деді облыстық білім саласындағы бақылау департаментінің басшысы Ерлан Қарабалаев.

Айта кету керек, Елбасының бес әлеуметтік бастамасы аясында жыл сайын бөлінетін 54 мың грантқа қосымша 2018-2019 оқу жылында тағы 20 мың грант бөлінді. Оның 11 мыңы техникалық мамандықтар бойынша бакалаврлық білім беруге тиесілі. Бұл төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы жаңа экономикада зор сұранысқа ие болатын мамандарды даярлауға мүмкіндік беруде. Атап айтар болсақ, инженерлер, ақпараттық технология, робот техникасы, нанотехнология саласына қажетті мамандар даярланатын болады. Бұл – жастарға жасалып отырған мемлекет қамқорлығының айқын көрінісі.

Сонымен бірге, техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша барлық жоғары оқу орны гранттарының құны ұлттық жоғары оқу орындары гранттары деңгейіне дейін көтерілді. Аталған шаралар орта мектеп түлектерін жоғары біліммен неғұрлым көбірек қамтуға мүмкіндік береді. Бұл бағытта аймақтағы жоғары және орта арнаулы оқу орындары жетекшілері де атқарылған жұмыстарды жан-жақты баяндап өтті.

Мәселен, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ректорының міндетін атқарушы Бақытжан Әбдікәрімовтің айтуынша, университет биыл «Өнімді инновацияларды ынталандыру» жобасының жеңімпазы атанып, 98,9 миллион теңгенің грантына ие болған. Университеттің білім беру қызметін 7 факультет және оларға қарасты 30 кафедра жүргізеді. Қазіргі таңда оқу орнында жоғары білім беру – бакалавриатта 64 мамандық, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағытында 30 мамандық, докторантурада 9 мамандық бойынша мамандар даярланады.

Жиынды Кеңес төрағасы, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжі директоры Ибадулла Құттықожаев қорытындылады. Ол кеңес мүшелеріне 5 бастаманың әрбір бағытының орындалу барысын ұдайы бақылауда ұстап отыру қажеттігін назарға салды.

ДӘРІС

Алгебра сабағы

XXI-ші ғасырдың жан-жақты білімді, дарынды ұрпақтарын тәрбиелеуде білім саласының алдындағы міндет аса ауқымды. Талап жоғары, таңдау шексіз. Бұл орайда ұстаздар қауымының ерекше шығармашылық ізденіспен еңбек етуі қажет.

Ғазиза ӘБІЛДА.

Осы талап тұрғысында облыстық білім басқармасының басшысы Майра Мелдебекова бір сәт өзінің ұстаздық міндетіне оралып, бүгінгі оқушылардың білім деңгейін саралап көрді.

Е.Әуелбеков атындағы дарынды балалар мектеп-интернатының 8-сыныбына "Алгебра" пәнінен сабақ беріп, онда "Статистика. Жиілік алқабы, жиілік гистограммасы" тақырыбы бойынша оқушылардың алған білімдерін байқап көрді. "PISA" халықаралық зерттеуінің мазмұнына сай есептерді шығаруға жаттықтырып, жалпы статистиканың қоғамдағы, өмірдегі маңызын түсіндіріп берді. Нәтижесінде, оқушылар халықаралық зерттеу қорытындысына сай Қазақстанның және Қызылорда облысының әр сала бойынша көрсеткіштерімен танысып, осы мазмұндағы есептерді шығарды.

Айта кетейік, алгебра сабағы "Марафон" электронды оқыту бағдарламасына негізделген және жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес дайындалған, информатика пәнімен кіріктіріліп өткізілді. Оқушылар жеке және топтық формада жұмыс жасап, тапсырмаларды компьютерде орындады. Ұлттық білім беру деректер қорындағы статистикалық мәліметтермен танысты. Сабақ соңында рефлексия жасалып, оқушылар бір-бірінің жұмысын бағалап, ой-пікірлерін ортаға салды. Осыдан кейін компьютер автоматты түрде әрбір оқушының білім деңгейін нақты көрсетіп берді.

Сабақ on-line режимінде жүргізіліп, барлық ауданның 8-сынып оқушылары қатысуға мүмкіндік алды. Дәлірек айтқанда, бұл сабаққа 500-ге жуық оқушы қатысты. Өз кезегінде олар да on-line режимінде кері байланыс арқылы сабақ барысында алған әсерлерін айтып, пікірлерін бөлісті.

Бір сөзбен айтқанда, Майра Тұрғанбайқызының қарапайым ұстаз ретіндегі имиджі шәкірттерге шынайы еңбектің ерекше үлгісін аңғартқандай болды.

ФОРУМ

Белсенділік биікке шығарады

«Жастары белсенді елдің, ертеңі еңселі». Талапты студенттердің басын қосқан форум осылай аталады. Маңызды шараны М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі ұйымдастырды.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

«Жастар жылы» аясында өткізілген бұл басқосудың форматы бұрынғы жиындарға қарағанда өзгерек болды. Оған аймақтағы техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының көшбасшы жастары, ұстаздар қауымы қатысты. Шара барысында облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Жасұлан Шынтасов өңірдегі білім саласының дамуына тоқталып, еңсерген биік пен жеткен жетістіктердің көп екендігін атап өтті. Осы ретте «Worldskills Kazakhstan» ұлттық чемпионатының жеңімпаздары қатарынан көрінген колледж студенті Дияс Фазылов пен Қазақ гуманитарлық заң және техникалық жоғары колледжінің студенті Константин Цагаловқа «Medallion for Excelle» медалін табыстады.

Мұнан соң «Жас сарбаз» қозғалысы мен «Мейірім» еріктілер қоғамының мүшелері, «Жас маман» жобасының, «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасының қатысушылары сөз алып, мемлекет ұсынған мүмкіндіктердің жемісті екенін жеткізді. «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалының төрағасы Талғат Тілес биылғы жылдың «Жастар жылы» ретінде жариялануымен құттықтап, мемлекеттің қозғаушы күші саналатын замандастарына қолдау толастамайтынын айтты.

– «Жастар жылы» енді ғана басталды. Барлық ұйымдар белсенділік танытуда. Жастар да потенциалын көрсетуге асық. Оның үстіне қазір өзіңді-өзің дамытуға мүмкіндік көп. Тек жалқаулыққа бой алдырмай, оны тиімді қолдану керек. Себебі, талантты да дарынды, білімді де білікті жастардың күш біріктіруінің арқасында біз жалпыға ортақ еңбек қоғамын құра аламыз. Артылған сенім баршамызға зор міндет жүктеп отыр. Ал, сенім үдесінен шығуға әлеует те, көрсетілетін қолдау да жеткілікті, – деді Т.Тілес.

Шара соңында форумға қатысушылар аймақтың студент жастарына үндеу жолдады. Сонымен қатар колледждің барлық көшбасшыларына «Жастар жылының» естелік стелласы тапсырылып, көрермен назарына концерттік бағдарлама ұсынылды.

БРИФИНГ

Қызылордада медресе ашылады

ҚМДБ-ның Қызылорда облысы бойынша өкілі Болатбек Әбуов өңірлік коммуникациялар қызметінде Рамазан айына жоспарланған іс-шараларға байланысты баспасөз мәслихатын өткізді.

Шынар БЕКБАН.

Жиында өкіл имам қасиетті айдың қадір-қасиеті мен медицина тұрғысынан адам денсаулығына тигізер пайдаларын баяндады. Рамазан айы, Қадір түні, Тарауық, Айт намаздарының басталу уақыты мен белгіленген пітір мөлшерін мәлімдеп, ораза ұстаудың шарттары мен үкімдерін түсіндірді.

– Мұсылман қауымы үшін жылдың ең қасиетті әрі ерекше Рамазан айы мамырдың 6-нан бастау алады. Биыл 30 күн ауыз бекітеміз. Қасиетті Қадір түні – 31 мамырдан 1 маусымға қараған түн. Ал 5 маусым – ораза айттың бірінші күні. Рамазан айына орай өкілдік тарапынан жамағатқа тегін ауызашар беріледі. Уағыздар айтылып, ғалым ұстаздар шақыртылып, жамағатпен кездеседі. Мешіттерде арнайы Хатым құран оқылатын болады. Тарауық намазын өткізуге Түркия мемлекетінен қари шақыртылып отыр. Сонымен қатар, қайырымдылық акциялары мен «Сыр жастары жарысады» кіші қажылық байқауы өткізілмек, – деді Б.Әбуов.

Биылғы жылы пітір садақаның мөлшері 300 теңге ретінде бекітілді. Пітір садақаны Рамазан айының бірінші күнінен ораза айт намазына дейін беруге болады.

«Зекет» қайырымдылық қорының Сыр өңіріндегі өкілі Оңталап Жидебаев «Ел үлесі – пәтерге» қайырымдылық жобасы туралы түсіндірді.

– Облыста 171 мешіт, ал қалада 10-ға жуық мешіт бар. Қаладағы әрбір мешіттердің алдына садақа жәшіктері қойылатын болады. Нәтижесінде қайырымды жандардың көмегімен Рамазан айының соңында баспанаға мұқтаж отбасыға пәтер алып беруді жоспарлап отырмыз, – деді О.Жидебаев.

Елімізде Қазақстан мұсылмандар діни басқармасына қарасты Ақтөбе, Шымкент, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында 9 медресе бар. Біздің облыста да шәкірттерді оқытатын арнайы медресе ашылмақ. Жақында облыс орталығында ер балаларды оқытатын 50 орындық жатақханасы бар медресе жұмысын бастайтын болады.

Әлемді өзгерту өз қолыңызда

Қазіргі таңда өзгеруге талпынған жандар мен өзгертемін дейтін семинарлар көбейді. Әрине, жаңалыққа ұмтылудың еш сөкеттігі жоқ. Алайда көп нәрсенің тетігі тек қана өзімізде екенін түсінбейтініміз қиын.

Ұстаз тапсырмасын орындау нәтижесінде бүгінгі желілік бизнеске айналған кестені ойлап тапқан баланы идеясы о баста жақсылық жасау болатын. Қоғамды жамандықтан тазартқысы келген оқушының қарапайым сызбасы әуелі үш адамды, үш адам тағы да тоғыз адамды өзгерту әрі қарай жалғасады. Мектеп оқушысы нашақорға бар жиған-терген тиынын ұстатып, оны үйіне қондырып, жұмыс тауып береді. Жұмыс тапқанымен, ол үйренген әдетінен айнығысы келмей, қайта бұрынғы күйіне түседі. Алайда оның ойында кішкентай баланың «мен сені өзгерткім келеді, сен де біреуді өзгертуге тиіссің» деген сөзі қалып қояды. Таң атпай көше кезіп, қиналған жанына «дауа» таппай келе жатқан нашақорға көпірден секіргелі тұрған бойжеткен кездеседі. Нашақор шошып кетеді. Кенет миының бір қыртысында қалған кішкентай баланың сөзі есіне түсіп, жалмажан қызды құтқарады. Еңіреп жылаған қыз «мені не үшін құтқардың?» дегенде, «енді сен де мен сияқты қиналған бір жанға көмектес, маған бұл ойды кішкентай бала үйретті» дейді. Не керек, мектеп оқушысы ойлап тапқан жақсылық жасаудың желілік кестесі осылайша АҚШта көп қолдауға ие болыпты. 2000 жылы американдық жазушы, қысқа әңгіме жазудың шебері Кэтрин Райан Хайдтың идеясымен түсірілген режиссер Мими Ледердің «Заплати другому» атты фильмі бүгінде әлемге танымал. Қазір бұл кино оқиғасын көптеген тренерлер пайдаланып жүр.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы – қоғамдық сананы ұлттық кодты сақтай отырып өзгерту, жаңғырту. Ал сананы өзгерту бір күннің немесе бір жылдың аясына сыймайтыны тағы белгілі. Тіпті күнделікті дағдыңызға өзгеріс енгізу үшін өзіңізбен өзіңіз күресесіз. Адам шын ниеттенсе, мақсатына жетпей қоймайды. Сондықтан да «жақсылық көрсем өзімнен, жамандық көрсем өзімнен» деген мақал біз айтқан ойды айқындай түседі.

Жуырда облыстық «Рухани жаңғыру» орталығы «Мен әлемді өзгертемін» атты видеоролик жабық конкурсын өткізді. Аймақтағы барлық аудан, қала мектептерінен қатысқан оқушылардан 26 жұмысы сарапқа салынды. Байқаудың мақсаты – сананың ашықтығын қалыптастыру, оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, қоғам жайлы ойларына түрткі болу, идеяларын жүзеге асыруға ықпал ету.

Конкурсқа қатысушылардың шығармашылық туындыларын №2 «Мұрагер» мектебінің киностудия режиссері Жеңіс Сүйіндіков, педагог-психолог, «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы Сымбат Әбдірахманова, қалалық оқушылар сарайының әдіскері Ақтілек Темірбайұлы бағалады.

Қазіргі уақытта білім алу, білімді болу трендке айналды. Қарап отырсаңыз, шетелде оқу Қазақстандағы білім алудан әлдеқайда арзан. Сондықтан балаларды оқуға, білімге үйрете берген дұрыс. Оқушының олимпиадаға, конкурстарға қатысуына кедергі жасамай, оларға ой салып, бағыт сілтеп отырса, жақсы нәтижеге жетеді. Балаға жақсы атаулыны көрсетуден жалықпауымыз керек.

Әсіресе ақпараттық технологияны меңгеру – бүгінгі күні табыс көзі. Ал білімді табысқа айналдыру үлкен жетістікке жетелейді.

– Әрине, әлемді өзгерту – өзекті тақырып. Сондықтан да оқушылардың белсенділік танытып, байқауға қатысқаны қатты қуантты. Алғаш рет ұйымдастырылған байқауға барлық қатысушыларға алғыс айтамыз.

Бір сөзбен айтқанда, жас ұрпаққа білім берумен қатар, олардың бәсекелік қабілетін, санасына озық тәжірибелерді сіңіре білуге үйретуден еш ұтылмасымыз анық, – деді марапаттау салтанатында сөз алған «Рухани жаңғыру»орталығы «Тәрбие және білім» бөлімінің басшысы Әлима Әбдіхалықова.

Конкурсқа қатысушылардың жұмыстарын бағалаған №2 «Мұрагер» мектебі киностудиясының режиссері Жеңіс Сүйіндіковтің айтуынша, байқауға келіп түскен видеороликтер тақырыпқа сай және оқушылар тың идеяларымен қуантты. Бастысы – шынайы еңбек еткендер жеңіске жетті.

– Қазақстанда алғаш рет «Мұрагер» мектебі жанынан ашылған киностудияға қатысушы оқушылар болашақ мамандықтарына таңдау жасап та үлгерді. Сондай-ақ, оқушылар бос уақыттарын текке кетірмей, өздеріне қажетті ақпараттарды іздеп, өздері жаңалық жасауға ұмтылуда. Алдағы уақытта осындай мектеп студиялары көбейетіні сөзсіз. Осы орайда жастардың шығармашылық ізденістеріне дұрыс бағыт беру ғана жетіспейтінін айтқым келеді, – дейді режиссер.

Конкурста 1-орын алған А.Байтұрсынов атындағы №211 мектептің оқушысы Бисембаев Нұрдәулет «Қазіргі қоғамда балаларға зорлық-зомбылық жасау көбейіп кетті. Егер балаларды ешкім қорламаса, ұрмаса, соқпаса, онда бүкіл әлем мейірімге толар еді. Біз видеороликте осы ойымызды жеткізгіміз келді. Мен балаларды зұлымдықтан қорғағым келді, - дейді.

Бізді байқауға қатысушылардың қоғамды өзгертуге талпынған ойлары қуантты. Зұлымдық пен зорлық – адамзат баласына жат нәрсе. Соған қарамастан, ең ауыр зорлықты адамдар жасайтыны да ащы шындық. Әсіресе соңғы жылдары балалар арасындағы бұзақылық пен қылмыстық оқиғалар азаймай тұр. Нұрдәулет өзінің видеоролигінде балалар арасындағы қатыгездікті көрсете отырып, оның соңы жақсылыққа апармайтынын түсіндіргісі келген.

Ал 3-орын иегері №273 мектептің оқушысы Бағдат Жұмаділовтің айтуынша, адамдар қоқыс тастамаса, табиғатқа зиян жасамаса, әлем өзгеретінін айтады. Біз бәріміз таза жерде, таза қалада тұрғымыз келеді. Алайда көшеде шашылған қоқысты өздігімізден жинауға құлықсызбыз. Егер адамдар күнделікті тұрмыста қоқыс жинауға дағдыланса, онда біздің айналамыз да, табиғат та тамаша болар еді.

Ал Арал ауданынан келген Данияр Төлеуов түйе шаруашылығын дамыту арқылы қазақты әлемге танытқысы келеді. «Мен өзгерісті өзімнің туған жерімнен бастағым келеді», – деп ағынан жарылды Данияр.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы, педагог-психолог Сымбат Әбдірахманованың айтуынша, ең әуелі тақырып қызықты әрі өзекті. Шынын айтқанда, көптеген байқауларда жетекшінің пікірі анық байқалып тұрады. Ал видеороликке қатысушылардың жұмысынан баланың ойы, қиялы айқын көрінді.

Видеороликтер тақырыпқа сәйкестігі, шығармашылық идеясы, дыбысталуы және эмоциялық қабылдануына қарай бағаланды. Сонымен конкурс қорытындысы бойынша 1-орын А.Байтұрсынов атындағы №211 мектептің 9-сынып оқушысы Нұрдәулет Бисембаев, 2-орынды Қазалы ауданы №170 мектептің 8-сынып оқушысы Назерке Темірхан, 3-орынды Қармақшы ауданы №273 мектептің 10-сынып оқушысы Бағдат Жұмаділов пен Арал ауданы №13 мектептің 9-сынып оқушысы Данияр Төлеуов өзара бөлісті.

Әлемді өзгерту өзіңнен басталады. Байқауға қатысқан оқушылар осындай түйінмен тарқасты. Болашақ иелері әлемде зұлымдықтың болмауын тілеп, табиғатты аялауды қалайды.

Гүлмира ӘШІРБЕКОВА,
облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы.

Жыр бұлағы – Жиенбай

Қызылқұм мен Қуаңның тоғысар тұсындағы, бұйра құмға ілігер қабақ Бекет құмының етегіндегі, есігі шығысқа қараған, керегесі он екі қанат, бүтін шапқан арысы шаңырақты биіктете көрсетіп, ақшаңқан туырлығы мен мұндалап тұратын, үйдің ішіндегі бау-шуы көздің жауын алардай келісті, ісмер бәйбішенің қолынан шыққанын айшықтайтын дөдегелі қазақы үйдің іші игі жақсылар бас қосатын орда секілді еді.

Елдің ішінде болып жататын әртүрлі дау-шарлар да осы жерден бітімін тауып жататын. Көрші-қолаңның ынтыға күтетін мәжілісі арнайы шақыртылған жыраулар келген шақта болатын. Осындай күндердің бірінде Бекет бидің ауылына арнайы Алаштың арын арлап, жоғын жоқтайтын, киелі жырдың иесі, жүлделі жүйрік Жиенбай жырау ат басын тіреді. Жырауын салтанатпен күтіп алған бидің жігіттері іштей қуанып та жүр. Қуанбағанда қайтсін, бүгін айызы қанғанша жыр тыңдамақ. Қазақта отыз үш сала «Көрұғылы» дастанын түгел жырлайтын Жиекем бір ауылдың емес, бүтін қазаққа қуаныш сыйлар айтулы тұлға екені түгел қарашаға белгілі еді. Жыраудың сыбағасы тартылып, ас-ауқат желініп болғаннан кейін, Бекет би сөз алып көптен күткен қадірлі қонағына ыстық ықыласын білдіріп, қонағынан қалың елдің жыр тыңдағысы келетінін де жасырмады. Орта бойлы, дөңгелек жүзіне бөлекше әр беріп тұрған шоқша сақалы, өзіне жарасымды етіп киген зерлі шапаны көркем келбетіне келісіп-ақ тұр. Әуелгі ретте дастан, қиссаларды сарапқа салып, халықтың ұнатқан шығармасын орындауды әдетке айналдырған кәтекі жырау бұл жолы да бұрынғы ізінен жаңылған жоқ. Әбден жошына келгенше халықты терметолғаулармен сусындата отырып, кейде мұңға батырып, кейде шалықтата қиқулатып түн жарымын аударып та тастады. Осы уақыт ішінде салалы дастан тыңдаушы қараша да іріктеліп-ақ қалған болатын. Әр жерден салаға түсіңіз деп, өтінген тыңдармандар дауысы жыраудың құлағына анық естіліп жатты. Енді әлқиссаның ауаны «Көрұғылы» дастанына ойыса берді.

Енді айтайын Үргеніштей
қаланы,
Түсінгендер сөзге құлақ
салады.
Жұма намаз оқымаққа
сол күні

Жиналып бар отыр еді адамы, – деп, Раушанбек пен Кәжденбектің Қызылбас елінен қашып келе жатқан жерін баяндауға түсті. Оқиғалы дастанның аяғына дейін тауысу үшін бір ай уақыт керек екені осы заман адамдарына ертегі секілді болатынын, ол кезде, Жиенбай әкем білмеген де шығар. Бұл – алты Алаштың ортасында өнерімен үстем болған жыраудың қорындағы бір дастанның ғана мөлшері еді. Көп білетін адамдарды кейде тесіліп кеткен деп жатамыз. Асылында, Жаратушы ие адамның ақпарат сақтаушы ми қабы толып қалғанда, Һақ жолына адал ұстанымда болған, белгілі бір шарттарына жауап беретін пендесінің көкірек көзін ашатыны – көзі қарақты жандарға беймәлім жайт емес. Дәл осындай қасиетке ие Жиенбай жырау 1864 жылы, сол кездегі Қазалы уезіне қарасты «Ақтайлақ-Кезең» деген жерде жалғанның жарығына келіп, ата-анасын қуанышқа бөлеген екен. Әкесі Дүзбенбет елге сыйлы, сөзі уәлі, аузы дуалы жан болса керек. Анасы белгілі шайыр – Омардың апасы, Шораяқтың қызы екенін қазіргі кезде көп адам біле бермейді. Менің әкем Саймағанбет марқұм, «Жиекемді көрдім, жыр айтқан талай мәжілісіне қатыстым, алдында отырған адамның құлағын жарып жіберердей дауысы зор болатын» деп отырушы еді. Сол кездегі ел басқарған тұлғалар жыраулардың жырын ғана тыңдамай, оларды елдің бірлігін сақтау ісіне де қатыстырып отырғаны бізге жеткен әңгімелерден белгілі. Бірде, Шөмекейдің Бозғұл аталығына қарасты Қаратамыр руының азаматтары арасындағы дүрдараздықты қойдырып, бірлікке келтіру мақсатында Қаратамырдың егесіндей болған айтулы Төребай би үш жырауды ат шаптырып алдырып, елдегі бүліншіліктен хабардар етіп, елді бітістіріп кетуді өтінеді. Жыраулардың ішінде жасы үлкені – Оңғар, екінші – Жиенбай, үшінші – «бала жырау» атанған Тұрымбет еді. Міне, осы әңгімеден кейін жыраулар сыртта анталап тұрған халыққа қарата ұйқасын бұзбай, елді бірлікке шақырып, табан астында суырып сала толғайды, айтылып жатқан толғаудың тереңдігіне түсініп, өткінші өмірде ащыласудың мәні жоқ екенін ұғынған қараша халық киіз үйдің туырлығын сыпырып тастаған екен, соңынан сөз алған Тұрымбет жырау, шұбырта айтқан толғауының соңында:

Бауырларың – Тұрымбет
Біршілік тілеп өмірлік,

Қолдарыңа жармасты, – деп аяқтай бере, домбырасын қоя салып, жиналып тұрған ағайынның қолдарын алып, амандаса бастағанда, онсыз да татуласуға сылтау таба алмай тұрған ағайын өкпе-ренішті ұмытып ақар-шақар болып, араласып кеткен екен. Бұл – жыраулардың ел ішіндегі идеологияға араласқандығының айғағы.

Жиенбай Дүзбенбетұлының өмір жолына үңіле түссек, орысқа отар болғаны болмаса, ұлттық қаймағы бұзылмаған ортада өмір сүргенін, ниеті бүлінбеген адал көңілді қазақты көреміз. «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» демекші, Жиекемнен өрген ұрпақ та өнерден алыс болмаған. Кіндігінен 1905 жылы Рүстембек, 1920 жылы Дастанбек атты екі ұл, Марқыма, Алқыма атты екі қыз тараған. Исі қазақтың құлағының құрышын жырымен қандырған, 1941-1945 жылдар аралығында болған Ұлы Отан соғысына қатысып, туған топырақ алдындағы перзенттік парызын адал атқарған Рүстембек, осы сұрапылда майдан даласында небәрі жиырма екі жасында Отан үшін алтын басын ажалға тігіп, ел үшін құрбан болған Дастанбек жыраулар да – әкесінің тәлімін алып, үлкен өнерге иелік еткен жандар. «Қыздан туғанның қылығы артық» дегендей, Марқыма апамыздан туған, қазір сексеннің сеңгіріне шыққан жиен Ібән Аралбаев та нағашысына тартып, елге белгілі жырау болды. Ғылымда «генетикалық жад» деген ұғым бар, оның тұжырымы жоғарыда сөз қылған текке барып жүгінеді. Атам қазақ көргенін қорытып, әбден зерделеп барып жалпақ жұртқа пайдасы тиер тәмсілдермен түйіндеп отырған. «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деп, елге шарапаты тиер ұрпақ өсіру де биік сананы қажет ететін парасаттылыққа саяды. Жиенбайдың үлкен ұлы Рүстембек жырау исі қазаққа танымал тұлға. Сыр бойының дүл-дүл ақыны Қуаныш Баймағанбетов өзінің бір толғауында;

Жиенбай – жыр бұлағы
Кетедегі.
Шәкірт қылып көп шайырды
жетеледі.
Баласы Рүстембек бұл да
өтті,
Демейтін Жиенбайдан
бөтен еді,

– деп, Үрістекеңнің де жыраулық өнерінің биік деңгейін жырына арқау етеді. Жиенбай жыраудың үлкен немересі қазір сексеннің бесеуіне шыққан Ыдық апамыз, әкесі Рүстембек жырау Ұлы Отан соғысынан оралған кезде «Жалағаш ауданы, қазіргі Мырзабай ахун ауылы маңында шағын ауылда тұратын едік» деп, бастады әңгімесін. «Әкеміздің келгенін естідік, 1945 жылдың көктем мезгілі болатын, аудан орталығы Жалағаш пен ортадағы Сырдарияда мұз жүріп жатқан абыржының уақыты. Айға таяу уақыт өтті, келетін әкем жоқ, содан Ұлжан әжем (Рүстембек жыраудың анасы) мені ертіп алып, орталыққа баруға жолға шықты. Дариядағы мұзды сырықпен итеріп отырып, қорқуды білмейтін әжем екеуміз арғы бетке өттік те, сұрастырып жүріп, орталықтағы бір үйде, әкемнің жырлап отырған жеріне бардық. Сондағы білгеніміз: әкем келгелі жырауды, жырды сағынған ел жібермей жырлатып жатыр екен. Міне, ол заманда жыраулар ел арасында жүріп, айлап жырлаушы еді» деп, он бір жасында үлкен сахналарға шыққан Рүстембек жыраудың тұңғышы Ыдық апамыз өткеннің тәтті естеліктерімен бөлісті. Осы кезде ел ішінде Жиенбай жыраудың бәйбішесі үйіне келген би-болыстардан қысылып, «Жиенбай тірідей өлгенше, астындағы аты өлсін» деп, жоқтықтың кесірінен жалғыз атын сойыпты деген қысынсыздау әңгіме айтылып жүр. Алты Алаш ардақ тұтып, төбесіне көтерген жампоз жырау неге кедей болу керек? Біз естіген Жиенбай жырау, жаны жомарт, қолы сахи адам болған. Жоғарыдағы әңгіменің нақты ұзын ырғасы мынадай: қатарлас би-болыстар Жиекемді сынау мақсатында, қолындағы мал-текесін елге таратып жібергенін естіп, не қайран қылар екен деп, түс әлетінде жыраудың үйіне сау ете қалады. Келген бектер әңгіме-дүкен құра отырып Жиекемді сыртқа шығармаудың қамын жасайды. «Сыртқа шықса, бір інілеріне тапсырма беріп, ойымыз орындалмай қалар» деген қауіп те жоқ емес. Осындай пиғылды сезген жыраудың бәйбішесі Балшаш анамыз «Жиенбай тірідей өлгенше, астындағы аты өлсін» – деп, көк шолақ атты сойып, қонақтарын сыйлап күтеді. Мынадай мырзалыққа көңілдері тоғайған би-болыстар ұялыс тауып, «ат-шапан айыбымыз» деп, мал айдатып берген екен. Ал, жоғарыдағы әңгімелер желісі – кешегі қызыл империя кезінде жампоз жырауды саясаттың оң жамбасына келтіру үшін құрастырылған, яғни ойдан шығарылған туындылар. Біздің елде Шонай деген елге белгілі бай өткен. Баласы Бектібай әкесіне арнап берген жылдық асына үш жүз үй тігіп, жырау жырлатқан. Астың сойыстық малына бір түсті елу қара, яғни елу жылқы сойған. Үш жүздің баласына берілген садақа аста елге азаға мал әкелмеу жөнінде хабар шашқан. Екі күнге созылған жыр додасында халық көп қаумалаған жыраудың жүлдесіне үш жүз жылқы тіккен. Осы асқа Жиенбай жырау он екі жасар баласы Рүстембекті алып барып, топқа түсіріп жырлатқан екен. Бұл шамамен өткен ғасырдың басындағы, нақтылай түссек, 1917 жылдың күзге салым мезгілі болса керек. Әкелі-балалы жыраулар бәйгеге тігілген үш жүз жылқыны алып, ел-халықтың сыбағасын беріп, қалған елуге тарта қараны айдап қайтқан екен. Ауыл-үйді сыбағадан құр қалдырмай жүретін жанның талғажау таппай тарығатын күні болушы ма еді? «Советке жағамыз» деп, асылдарымызды жасыққа, қайырлы байларды батыраққа балап өмір сүрудің амалын жасадық қой. Бұл – өткеннің өкіндіретін тұсы. Жиенбай тұқымы осы қызыл империя тұсында да елеусіз болған жоқ. Рүстембек баласы Көшеней, ұлдың үлкені 1946 жылы жалғанның жарығына келген, бүтін қазаққа танымал тұлға, жырдың жарық жұлдызы еді. Жиырма жеті жасында тағдырдың өлшеп берген талқаны таусылып, қайтпас сапарға аттанған болатын. Қамшының сабындай келте ғұмырында жырдың ертеңіне тыңнан түрен салып, ғылымға икемдеп, ата мұрамыз жыраулық өнерді үлкен сахналарға шығарған тарланбоз дегеніне жете алмады. Сырдың бойындағы жыраулықтың сахналық формасын қалыптастырып, Мәскеудегі М.Горький атындағы әдебиет және өнер институтының аспирантурасында оқып жүргенінде кенеттен жыр деп соққан үлкен жүрек соғуын тоқтатты. 1973 жылғы наурыздың басы еді. Небәрі жиырма жеті жасында үлкен тірлік бітірген, ең бастысы артында Арбалы, Нұрбол, Арнұр атты үш ұл, Ақнұр атты бір қыз қалдырып, мүбәрак атын өшпестей етіп қазақтың өнер тарихына ойып жазған күйі келмес жолға түсіп жүре берді. Қазақ киносында өзіндік орны бар, әйгілі Сағынайдың асы туралы түсірілген «Ас» кинофильмінде аттың үстінде тұрып өзінің жанға жайлы, жайлы болса да дененді түршіктірер қоңыр дауысымен «Ата, біз алыс сапарға аттандық» – дейтін Көшенейдің осы сапары, шынымен де, баһилық сапар болғандай. Иманы саламатта болғай! Күміс көмей дүл-дүлін туған жері ұмытқан жоқ. Аймағымызда алғашқы, тіпті Қазақ еліндегі тұңғыш ашылған «Жыраулар үйіне» Көшеней Рүстембеков аты берілді. Бұл – сол кездегі елдің тізгінін ұстаған азаматтардың өнерге, жырға деген шынайы ықыласы еді. Көшеней ағамыздың жалғыз інісі, осы кездегі жыр өнерін жалғастырушылардың алдындағы ұстазы, жыр мұраның босағасындай болған – Бидас Рүстембеков. Көшеней жыраудың кенжесі Арнұр да жыр жолына түсіп, ел-халыққа белгілі өнер өкілі болды. Қазіргі таңда Қармақшы аудандық «Мәдениет үйі – мемлекеттік қазыналық кәсіпорын» директоры болып қызмет атқаруда. Міне, үш жүзге белгілі Жиенбай жыраудың ізі өшпей, артына қалдырған ұлы өнер мұрагер ұрпақтары арқылы заманға сай дамып, өркендеп келеді. Қазақта «екі дүниең абат болсын» деген жақсы сөз бар. Алла ақырын абатшылық қылған жыр көгінің жарық жұлдызы Жиенбай Дүзбенбетұлы 65 жасында мына жалғандағы өлшеулі демі таусылып, бақиға аттанды. Биыл пәниден өткеніне 90 жыл болған жампоз жырауға 155 жыл толғалы тұр. Біздің соңымыздан да өкшелесіп келе жатқан жыр әлемінің өскелең жастары барда, Жиенбай аталары туралы әлі талай зерттеу еңбектері жазылып, өз дәрежесінде дәріптелеріне сенемін.

Берік САЙМАҒАНБЕТОВ,
ҚР Мәдениет қайраткері.

№63-64 (19741-19742) 3 мамыр, жұма 2019 жыл

I.

Қай кезде де көркемөнерге қатысты әңгіменің түп қазығы – көркемдік болатыны ақиқат. Бұған ешқандай шүбә келтіре алмаймыз және шүбәлануға болмайды, өйткені бұл – өнер заңы. Осы тұрғыдан келгенде кез келген көркем шығарма туралы айтылған пікір, ой, тұжырымның тірек нүктесі де көркемдік мәселесі болатыны анық.

Ал шеберлік дегеніміздің қыры мен сыры мол, тылсым, құпиялы. «...Шеберлік шексіз, оның ұшы-қиырын табу қиын, өйткені, әр суреткер бар ғұмырын шеберлік жолына сарп етеді» – дейді орыстың белгілі жазушысы Константин Федин. Демек, жалпы көркемөнер туындылары және автор деген ұғымдар көркемдік пен шеберлік деген мәселеге келіп ат басын тірегенде, шеберлік жоқ жерде көркемдік болмайтыны да дәлелдеуді қажет етпейді.

Бұл ыңғайда жазушы Айжарық Сәдібекұлының шығармашылығына тән ерекшелік – нақтылыққа жақындық десек, қателесе қоймаспыз. Жазушының оқиғаға, образға қатысты шартты деп алғандарының өзі нақтылық ауылынан алыстап кетпейді, сондықтан болар, оның бұл шығармалары өмірдің өзінен ойып алынғандай қалыпта. Бұл, бәлкім, қаламгердің ұзақ жылдар журналистикаға тер төккенінен де болар. Оған дәлел: жазушының бұл шығармаларындағы кейіпкерін «апыр-ау, мына бір кісіні бір жерде кездестірген сияқтымын ғой» дегендей ойға қаласың. Бұл жақсы ма? Әрине, жақсы! Және әдебиет атты кепиетті өнерге қатысы бар кез келген жанның осылай дері хақ.

Роман оқиғасы Арал маңы балықшыларының өткен ғасырдағы өмірін және кеңестік кезең қияметін суреттеуге арналғанымен, авторлық баян тәуелсіздіктен бергі тұстағы келеңсіздіктерді де ашып көрсетеді, оның негізі түп қазығы қызыл империяның құйтырқы саясатында жатқанын, адам санасындағы қым-қуыт майданның алғашқы оғы сол тұста атылғанын, мәңгүрттенудің тамыры сол дәуірден жанданғанын мәтін астарында ой мен оқиға бірлігінде жеткізеді.

Шығарманың тұтас жұлыны бас кейіпкер Бекет атаның әңгімесі арқылы оқырманды роман желісіне қызықтыра жетелей түседі. Бұл тұста жазушы дұрыс шешім қабылдап, қазақ прозасында бұрыннан қалыптасқан тәсілді тиімді пайдаланған. Ал, Бекет ата әңгімесін тірек еткен шығарма көз алдыңа өткен дәуір суретін мөлдірете көрсетіп, сананда сансыз сауал туғызып, ойға қалдырады. Қаламгердің бұл тұста ұтқаны – еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі жылдар түйткілдерін Бекет ата бейнесі арқылы шебер кестелеген.

Шығармадағы өмір туралы толғаныстар, Арал теңізі, туған жер, атамекен туралы кейде қайшыласқан, кейде бірін-бірі толықтырған ойлардың пәлсапалық арнасы әр кейіпкер, характердің бітім-болмысымен алуан реңкте көрінуі – автордың өзіндік қолтаңбаға ие, шығармашылық даралығы қалыптасқан қаламгер екендігін аңғартады.

Роман оқиғасы бас кейіпкер Бекет атаның әңгімесі бойынша өрбиді, тараулар да соған сай аталған. Бұл әдісті де бұрыннан бар іздің жаңғыруы, дәстүрдің жалғасуы, Бейімбет Майлин салған жолдың бүгінгі көрінісі деп қараған жөн. «Ауылда», «Түрмеде», «Майданда», «Көктемде», «Сергелдеңде» деп аталған тараулардың басын пролог бастаса, соңын эпилог түйіндейді. Бас кейіпкер Бекет Құлмановтың басынан өткен түрлі жағдайлар: балалық шақ, жасөспірім кезінде ұшан теңізге шығып, үлкендермен тізе қоса балық аулауы, сол тұстағы ел басындағы ауыртпалық, НКВД қызметкерінің темір қанат жасөспірімнің өмірін күл-талқан етуі, түрме тұрмысы, соғыс жылдарындағы от пен оқ арасындағы жанкештілік, елге оралу оқиғалары адам және тағдыр құйылысында суреттеледі.

«... Жабағыны бұтарлап болып, жілікке кіргендерден пұлын қолма-қол жинай бергенімізде, бір милиционер жетті ентігіп. Айтқаны: Аққұм, Ауан, Ақбасты, Құланды ауылдарын қамтитын милиция бастығы «бір жілігін берсін» деп жұмсаған екен.

– Жақсы. Пұлын төлеңіз де алып кете беріңіз, – дедік. Әлгі түсі суық милиционер ожар неме екен:

– Не дейсің? – деп ақырды маған. – Тегін бересің. Бермесең сотталасың! – деп зіркілдеп тұр» (22-бет). Міне, романдағы тартыстың басталар тұсы осы.

Жазушы бір ғана штрихпен заман ағысын аңғартып өткен. Романның тіл көркемдігіне келсек, әр кейіпкерді сөйлеген сөзінен тайға таңба басқандай танисың. Олардың сөздері өзіндік ұғым, бояу өрнектерімен ерекшеленеді. Қаламгер өмірде кездескен (түрмеде, майданда және т.с.с.) бірге болған жандардың сөйлеу қалпын бұзбайды, керісінше әр кейіпкерге тән сөйлеу мәнеріне ерекше назар аударып, оны характерді ашуға, кейіпкер мінезін сомдауға пайдаланады.

Тағы бір жайт: кей ретте болмаса, автор кейіпкердің сырт сүгіретін (келбетін) суреттемейді, яғни портретке көп бармайды: сөз (тіл) бар, мінез бар, тағдыр бар, ал тұлғаның бетәлпетін, киімін, жүріс-тұрысын оқырманның түйсінуіне аманат еткен: өзің таны, сосын ой қорыт, міне, қаламгер ұстанымы – осы. Назары жіті, көркем туындыны тұшына оқитын замандас танымына тағы бір сенім, мұны да – тағы бір өзіндік тәсіл деп қараған дұрыс.

«Шығарманы оқу барысында біз қаламгердің жеке адамның қоғамдық-әлеуметтік кәсіби параметрлеріне жіті назар тіктегенін, жағдай мен сәттің арасындағы байланыстың өзгеру бағыттарын зерделеп, адам мен қоғам арасындағы қатынастардың тым күрделілігін, адамдар мінезіндегі түрлі қайшылықтардың молдығын ашуға ұмтылғанын аңғарамыз.

Сонымен бірге авторға айтарымыз да бар.

Бірінші: Жасөспірім Бекет пен милиционер арасындағы қақтығысты күшейте түсу керек. Сонда Бекеттің соғыстан келген кезде әйелді зорламақ бо-лып жатқан милиционерді тануы да көкейге қонар еді.

Екінші: Журналист пен әкім және Бекет арасы. Осыған әлде де назар аудару қажет. Бекеттің майданға бара жатқан жолда эшелон тоқтағанда көретін, майдан даласында, Аустрия жерінде, Германияда кездесетін түрлі оқиғалары тұсында әкімнің эмоциясын беріп отырса әкім бейнесі де ашыла түсер еді.

Үшінші: Майданда орыстардың азиялықтарға қысастық жасағаны туралы қазақ әдебиетінде шет қақпайлап, жұқалап қана жазылды, ал бұл шығармада біраз жәйт баяндалған, сондықтан осы мәселеге қатысты эпизодтарды күшейте, ширата түскен жөн.

Роман туралы ойды түйіндер болсақ, шығарма қаламгер мақсат еткен көркемдік дүниетанымның қоғамдық-әлеуметтік мәселелеріне орнықты жауап берген.

ӘЙЕЛ ҚҰДЫРЕТІ

II.

Соңғы жылдары жазылған шығармалар ішінде шоқтығы биік, көркемдігі кемел дүниелер де бар. Солардың бірі, біздің ойымызша жазушы А.Сәдібекұлының «Сұрапыл» повесі үлкен жүк көтеріп тұрған шығарма. Бұл орайда әңгіме шығармадағы уақыт пен кеңістік мәселесінің ауқымына қатысты емес. Мәселе бұған дейін қазақ әдебиетіндегі көркем бейнелер сапында кездеспейтін қаһарманның өмірге келуіне, сол арқылы өткен ғасырда дүниені күркіретіп, жер жүзін титірентіп, мыңдаған жанға қасірет тартқызған екінші жержүзілік соғыстың ауыр жүгін арқалаған аналардың хикаяда көркем кестеленуіне байланысты болып отыр.

Иә, бұған дейінгі қазақ сөз өнерінде соғысқа кеткен ерінің орнын басып, ұшан теңізге шыққан кеме штурвалында тұрған әйел-капитан бейнесі болған емес. Шығарма азаматтарын майданға шығарып салып, ауылға қайтып келе жатқандарында «Чайка» кемесіндегілердің дауылға ұшыраған сұрапыл оқиғаларынан басталып, кеме капитаны Ақшабақтың жан алып, жан берген қарекетіне жалғасады.

«Құтырынған жал-жал толқындар өршелене соққылаған сайын тұмсығы көкке шапшып қайқаңдаған кеме тура теңіз тұңғиығына құлдилай жөнеледі. Сол сәтте тұмсығынан асып түсіп, үсті-үстіне өкіре құлаған ақбас толқындар палубаны жайпап өте шығады. Құдды кеме үстінде тау тасқыны сарылдап, сарқырап ағып жатқандай. Үйдей толқындар кемені тұмсығынан көтере соққанда, бауырын қағындыра қақ айырып түсердей түсірлейді. Штурвальда еркекше киінген, белін буынған капитан тұр тастабандап. Көңілі көшкен бұлттай, самайынан суық тер сорғалайды...» (1-б.). Міне, теңізде жын-ойнақтай құтырына ұйтқыған жойқын толқындардың сұрапыл қоршауындағы кеме капитаны Ақшабақ бейнесі әрекет пен ой бірлігінде тұлғалана түседі.

Автордың қазақ әдебиетінде бұған дейін кездеспеген жаңа кейіпкерді әкелуін шығарма жаңалығы деуге де, қаламгер ізденісінің жемісі деуге де болады. Сонымен бұл орайдағы ойды жинақтап айтар болсақ, шығарманың бірінші жетістігі ұлттық әдебиетімізде бұған дейін біз көрмеген көркем бейнені – кеме басқарған капитан-әйел бейнесін өмірге әкелуі.

Шығармада қым-қуыт шытырман оқиғалар, әдеттегідей ашық тартыс, текетірес жоқ, бірақ, бұған қарап бұл хикаяны тартыссыз екен деуге болмайды, өйткені мұндағы тартыс кейіпкер санасы арқылы көрінеді. Шағын ғана шығармасында жазушы кешегі сұрапыл соғыс жылдары елде тізе бүкпей еңбек еткен, бүкіл жастығы мен қызықты дәуренінің тұтас бір ғұмырға татырлық ауыр еңбек пен жоқшылық, қайғы-қасірет пен үміт күймесіне жеккен әйелдердің жанкешті тірлігін Ақшабақ бейнесіне жинақтайды. Шығарма өрімінде жазушы көлемді роман көтерер жүкті аз ғана кейіпкерлері арқылы соғыс кезеңінің ашы шындығын шынайы жеткізеді. Мұны повестің екінші жетістігі деп есептейміз және бұл қаламгер шеберлігінің де көрінісі.

Бұған дейін де қазақ прозасында балықшылар өмірі туралы Ә.Нұрпейісовтің, С.Жұбатырұлының бірнеше шығармалары барлығын білеміз, алайда, дәл осы кезең – соғыс жылдарындағы балықшы әйелдер өмірі дәл осы шығармадағыдай ашылмаған болатын. Жазушы баянын екі бағытта: бірін нақты іс-әрекет, екіншісін бас кейіпкер Ақшабақтың ойы (елес және түсі) арқылы жеткізіп, айтпақ ойын мәтін астарында береді, адамдар арасындағы қатынастың күрделі сәттерінің шегіністер мен ішкі ой ұштасуы арқылы берілуі шығарманы психологиялық деңгейге көтерген.

Сөз өнерінде психологиялық бейнелеудің тура түрі – бұл кейіпкердің жан дүниесін көркемдік таным тұрғысынан танып-білу (самоанализ), ойша елестету, ішкі монологтың көркемдік сыйпатын еске алу және елестету арқылы психологиялық талдау жасау – адам жанының сырт көзге байқала бермейтін ішкі «қоймаларын», құпия қалтарыстарын, жұмбақ сырларын шынайы да сенімді бейнелеу Л.Н.Толстой шығармашылығында мол кездесетін ішкі монологтың көркемдік жұрнақтарын А.Сәдібекұлы өз өрнегіне, өз соқпағына салады, сөйтіп бір ғана кейіпкер арқылы (Ақшабақ) кезең шындығын көркем кестелеген. Иә, сұрапыл кезең тұңғиығына жұтылмай, ауыр тұрмыс тауқыметіне үгітіліп кетпей, адамдық қалпын сақтаған әйелдер бейнесі осылайша өріледі. Бұл да қаламгер шеберлігінің, шығарма жетістігінің көрінісі.

Хикаяда бар болғаны бір күн, бір түн, яки бір тәулік уақытта аласапыран толқындар арасында өмір үшін күрескен капитан Ақшабақ басқарған шағын кемедегі жағдай баяндалғанымен, бас кейіпкердің түсі мен ойы (елес) арқылы теңіз жағасын мекен еткен балықшы ауылындағы тіршілік біраз жылды қамтып, Ақшабақтың жас жеткіншек қыз, одан соң бойжеткен, бұдан кейін ел мақтаған келіншек, соңында соғысқа кеткен ерінің орнын басқан ер ана қалпындағы ой, көзқарастарымен тұтасады. Өмірдің тоқтаусыз ілгері жылжуы, адам тағдырының әркилылығы, адам баласының қиын кезде ғана кім екені ашылатыны, тірі адам тіршілігін істейтіні және т.с.с. өмірлік пәлсапаның өзі бас кейіпкердің әр тұстағы ойы, көзқарасы арқылы берілгенде ерекше өрнекке түсіп, көркем иірімге айналады. Міне, бұл – қаламгердің өзіндік қолтаңбасын аңғартумен қатар, жазушы шеберлігін айқындаған белгілер.

«Бұл шығарма шағын повестің де роман атқарар міндетті жүзеге асыра алатынын, мәселе көлемде емес, көркемдік ізденісте екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Повестегі Ақшабақ образын, тіпті, сол соғыс жылдарындағы Арал балықшы әйелдерінің жиынтық бейнесі деп те қарауға болады. Автор бас кейіпкер бейнесі арқылы адам тағдыры әу бастан маңдайға жазулы ма, пешенеңе жазылғанын көресің деген шындық па, жер жаһан елдерінің көпшілігіне қайғы-қасірет әкелген сұрапыл соғыстың болуы да әу бастағы жазудан ба, пендеге қылдай қиянаты жоқ адамдардың зардап шегуі неден деген сауалдарға жауап іздейді. Сөйтеді де, осы бір тылсым сырлардың шешімін Ақшабақ ойы (елес) мен түсінен, іс-әрекеті мен мінезінен іздейді.

Ойымызды қорыта келгенде айтарымыз, бұл хикаяны автордың қазақ сөз өнеріне олжа салған шығарма деп танимыз.

III.

Жаратушымыз берген аналардың құдіретін мына фәни жалғандағы тіршілігімен тығыз байланыста алып суреттеген шығарма – жазушы Айжарық Сәдібекұлының «Сұрапылдың ақыры» хикаясы болса, бұл оның «Сұрапыл» хикаясымен өзектес туынды екен. Алайда мұны сол шығарманың тікелей жалғасы деп қарауға болмайды, оқиғалар жалғастығы, уақыт пен кеңістік мәселелері тоғысып жатқанымен екі шығарма бітімі жағынан екі бөлек туынды, екеуіндегі ішкі ырғақ бөлек, екеуіндегі көркемдік шешім бөлек, сондықтан мұны ескерген артық болмайды.

Шығармада Арал балықшылары өмірін тағдырдың сұрапылына салған екінші жержаһандық соғыстың қасіреті мен зардабы, тауқыметі мен жазылмас жарасы майданға кеткен азаматтардың елде қалған келіншектері мен шешелерінің образдары арқылы ашылып, сол дәуір шындығы соғысқа дейінгі, соғыс жылдарындағы және соғыстан кейінгі жағдай арқылы толқын-толқын, кезең-кезең болып қос өрімде бейнеленеді. Бұл бір қарағанда байқалмауы да мүмкін, өйткені қаламгер шеберлігі осы екі өрімді асқан талғаммен тұтастыра, ішкі қос ырғақты бір қалыпқа түсіріп, айрықша иірім жасайды. Енді мұны тарата айтар болсақ, мұндағы бірінші иірім – шығарманың негізгі кейіпкерлері Өрсәрі арқылы өтсе, екінші иірімі шығарма оқиғасын баяндаушы, Өр-әженің немересі Елгезек арқылы өтеді.

Өрсәрі бейнесі «Сұрапыл» повесінде де бар, бірақ онда Өр-әже есімі тек бір ғана эпизодта көрінеді, біздің жоғарыда айтып өткен оқиғалар жалғастығы деп отырғанымыздың бір дәйегі осы бейнеге қатысты. Өрсәрінің бейнесі «Сұрапылда» Ақшабақтың ойы өзегінде, «Сұрапылдың ақырында» шығарма өзегінде көрінеді. «Қызық болғанда, Елгезек әжесінің есімін осы беріде білген еді. Білмей келген себебі, ауылдың ноқта ұстар үлкендері әжесін Өреке, жасы кішілері Өр-әже, Өр-апа дейді. Қәрима екеуі солардың айтуымен Өр-әже дейтін. Сөйтсе, әжесінің шын есімі Өрсәрі екен...» («Сұрапылдың ақыры» 1-бет) – деп ойын баласы Елгезек баяны арқылы басталатын шығарманың желісі бірде Өр-әже, бірде Елгезек бейнесімен қос өрімделіп көркем тұтасады. Өр-әже бейнесін (образын) немересі Елгезектің есейгендегі әңгімесімен сомдауы да, ал әженің өз өмірін немерелеріне ертегі қалпында баяндап жеткізуі де ұтымды шыққан. Бүгінгі ертегі білмейтін әжелер заманында қаламгердің осылайша оқиғаны жеткізуге кілт іздеуі – ең алдымен көркемдік иірімдері болса, екіншіден кейінгі оқырманға кезең, мезгіл шындығын қазқалпында суреттеуі тағлымдық-тәлімдік ой айту екені анық.

Жазушының Өр-әже бейнесі арқылы сол тұстағы аналар өмірінің ашы шындығын көркем кестелеуде тағы бір ерекшелік бар, ол – шығармадағы оқиғаның шарықтау шегі деп атарлық бірнеше сәттердің барлығы. Бұл біз жоғарыда айтып өткен сюжеттік желідегі қос өрімге байланысты және оларды көркем тұтастырған қаламгер бұл тұста да біздің пікірімізше хас шеберге тән өрнек салып, шебер қиыстырады.

Бірінші сәт Өр-әженің киноға келуі.

«... Құдай сақтасын, анау ақ матада алатопалаң соғыс басталып кетті. Айтулары «Сталинград майданы» деген кино екен... Ендігі бір мезетте арттағылар «Сталин! Сталин!» деп шу ете қалды. Балалардың ынтасы да экранда. Сталин бірдеңе-бірдеңе деп сөйлеп тұр... Қыбырсыз отырған Қызай Елгезекті бүйірінен түртті.

– Не?

– Өр-әжем-м...

Елгезек артына жалт қарады. Иә, рас әжесі. Өмірінде кино, концерт дегендерге «намазым бұзылады» деп бармайтын әжесі осы жолы келіпті. Жайлап басып бері келе жатыр. Экранға әжесінің рабайсыз көлеңкесі түскенде кейінгі қатарда отырғандар гүілдеп шулап кетті:

– Өр-әже-е... қайда, қайда...

– Өр-апа-а...»

Шулаған дауысты елең қылмаған Өр-әже экранда Сталиннің алдына барып тұрады. Елгезек пен Қәрима жылап әжесінің аяғын құшақтайды. Міне, осы сәт шығарма тініндегі бір ширығу, оқиғаның шарықтау кезі екенін көреміз. Автор соғыс жылдарының адам төзгісіз қасіретін осы шағын эпизод арқылы ашып, «өйтіп еді, бүйтіп еді» деп ұзын сонар әңгімеге салмай-ақ мәтін астарында берген. Майдан даласында хабарсыз кеткен балаларын аңырай күткен аналардың зары арқылы жүрегінде түйсігі бар пенденің санасын найзағайдай осып өтетіндей көркем қалыпта сомдаған.

«О, құдырет, әжесі: – Сталин-ау, қарағым-ау, менің үш бірдей құлыным қайда жүр? – деп зарланып тұр екен. Бір аяғынан айрылып Төлеп пен Тойлыбай келді. Бір қолынан айрылып Мырзалы келді. Бір көзінен айрылып Қиуаш келді. Белінен зақымданып Қайыр келді. Үйіне еңбектеп жетсе де кебегенімен келді. Ал менің үш бірдей қарашығымнан хабар жоқ. Сопа басым сорлап жалғыз қалдым. Сталин-ау, қарағым-ау, тым болмаса үшеуінің біреуін көзіме бір көрсетші, мына жалғаннан армансыз өтейін. Аттанып кеткен жағына қарай-қарай көзім суалды ғой...» – деп күңіреніп тұр...

... Қәрима әжесін жетелеп былай шыға бергенде ауылсовет Бәтима апай кейуананың алдынан тосып алып, егіл-тегіл жылап көрісті. Оған Шәрипа әженің «Ырзағазым-ау, сен ше, сен қайда жүрсің?» деп аңыраған даусы қосылды. Алашұбар жиынның әр-әр жерінен булығып шыққан өксік үн далаға жамырап кетті. «Асаділдам-ау, құлыным-ау...» деген Зейнеп әженің, «Шарападинім-ау...» деп Бәтима әженің, «Індиаминім-ау...» деп Жоныс әженің кіл жалғыздарын жоқтаған зары ұласып, Көкаралдың түнгі аспаны күңіреніп тұрды. Кино жайына қалды...» (6-бет).

Екінші сәт: Тағдыр тауқыметі төзімін қажағанда, ішіне запыраны сыймаған Өр-әженің қорымға барып, Ажығұл-Тасым әулетінің марқұм болғандарына дұға бағыштап күйеуінің, қайнысының бейіті басында оларға мұң шағып, Сталинге арыз айтқанын, үш ұлын кинодан көре алмағанын екі иығы селкілдей жеткізуі, санасын сарсылтқаны, жауабы жоқ мұң мен қайғы, өткен күндер елестерінің еске түсуі, шонтай толғанша шөп шабуы...

«Жасырары жоқ, Өр-әженің көктегі құдай Тәңірге, жердегі Сталинге өкпесі қара қазандай. Көрген қорлығы мен тартқан азабы сансыратқанда «қатын жыны» («өзінің айтатыны») килігіп, мына адыра қалған дүниені қырып жібергісі келеді. Осы жолы шағырды отынсырап шапқан жоқ. Ұрынарға қара таппай «жынданып», кеудесін керген ызамен ашу шыдатпай шағырды қырып салды...

... Бұл не деген өрлік?! Мына таудай отынды енді арқалай ма? Қалай көтермек. Демеп жіберетін де ешкімі жоқ. О, тоба, қылшылдаған жас емес, Өр-әже алпысында да баяғы тентек қыз кезіндегі өрлігіне басып отыр ма, шынымен?!

Бұл неғылғаны...

Өр-әжең зілтемір көтеретін кісідей:

– Ап! Пірім-ау! – деп орнынан шүйлігіп, теңселіп, ауытқый жаздап тұрды-ау. Сәл ырғалып тұрды да, шотының кетпен басын арқасындағы отынның үстіне тастап, ұзын сабын ұстап, теңселе жылжып жүріп кетті. Арқасында отын, сол отынмен бірге сансыраған ой арқалап келеді, бір Құдайға сиынып...»

Бұл суреттеуді біздің арнайы көрсетіп отырғанымыздың себебі – шығарма ерекшелігін таныту, өйткені оқиға қуып оқыған жағдайда шығарма желісінің шарықтау шегі сияқты болып көрінетін бірнеше тұстар бар, алайда автор негізгі салмақты осы екі тұсқа салады, сөйтеді де осы екі тұсқа повестің барлық идеясын, айтпақ ойын үйіре жинақтайды және онысы өте сәтті шығып, шығарманың ішкі ырғақтылығын күшейте түскен.

Повесте қаламгер кейіпкер ойына ерекше міндет жүктейді. Шығарманың көлемі шағын болғандықтан мұнысы да өте сәтті шыққан, жазушы шеберлігінен хабар беретін бұл жәйт повестегі Өр-әже бейнесінің толық ашылуын қамтамасыз еткен. Елгезектің, Өр-әженің әрекеті тығыз бірлікте, кейіпкер тілі мен іс-әрекеті шынайы, яғни, өмір шындығы көркем шындыққа шеберлікпен көшкен. Ұрпақ үшін күрес, өмір жалғастығы, Ананың төзімділігі мен құдыреті шығарманың өне бойына қан жүгірткен. Мұны да қаламгер ерекшелігі деп білген жөн. Жалпы «Сұрапылдың ақыры» көркемдік талаптарға толық жауап бере алатын шығарма болып шыққан.

Повесть екінші жержаһандық соғыс қасіретін, сол дәуір шындығын, біздің заманымызда Арал өңірі әйелдері өмірін көркем кестелеген осындай қалыптағы шағын проза үлгісі бұған дейін болмаған-ды. Сондықтан бұл еңбекті де жазушының қазақ әдебиеті қоржынына салған олжасы деп тануға болады.

Повесті оқу барысында біз байқаған осындай ерекшеліктердің барлығын тізбелеу көп көлем алатындықтан өз ойымызды біршама дәйектеуге үзіп-жұлып алған мысалдар жарар деген ойдамыз. Жалпы, өзіндік үні, өзгеге ұқсамайтын бітімі бар, ерек тынысқа, өзіндік ырғаққа ие повесть қаламгер шеберлігін танытатын туынды екен.

Алдажар ӘБІЛОВ,
филология ғылымдарының кандидаты.

«СЫР БОЙЫ»-90

Өткен ғасырдың 80-жылдарының орта тұсында облыстық «Ленин жолы» газетінде алғашқы қадамдарын бастаған бір қауым жастардың жолы болды. Жастықтың желігімен желпініп жүргендер үшін барлығы қызық, барлығы таңсық. Кеңес дүниесінің 70 жыл тарихында бірінші рет іс жүзінде жүзеге аса бастаған демократия, жариялылық ұғымдары құлаққа жағымды естіледі. Елде серпіліс. Бұрынғы түсінік көмескі тарта бастады. Сол жылдары «Ленин жолында» бір вакансия пайда болса, жан-жақтан қаумалап оншақты журналист сайысқа түседі. Бәсеке күшті, талап одан да зор. Айналасы бірлі-жарым жыл ішінде газеттің құрамы жастармен толықты. Қази Данабаев, Оразбек, Несібелі, Сәрсенкүл, Жолтай және мен...

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ.

Оразбек

Жолымыз болды дейтінім, сол кездегі облыстық партия комитетінің біріншісі хатшысы Еркін Әуелбеков бюро мәжілісінің бірінде облыстық газеттің құрамындағы творчестволық қызметкерлердің орта жасы 44 екенін айтып, бас редакторға құрамды жасарту керектігін ескерткен. «Ленин жолында» сол дәуірде республикаға белгілі қаламгерлер қызмет жасайды. Обкомның беделді басылымына 30-ға жетпей қызметке тұру дегеніңіз – әркімнің пешенесіне бұйыра бермейтін бақыт. Біз келгенде 60-ты алқымдап, оны еңсеріп қалғандардың шамасы редакция құрамының үштен бірін құрайтын. Бөлім меңгерушісі ретінде Оразбекті Шора Ералиев, мені Мырқы Исаев «еншілеп алды».

Оразбекпен түйдей құрдаспын. Екеуміз де кеңестік дәуірдің әскер қатарында қызмет жасау, жұмысшы сияқты еңбек сынақтарынан өткенбіз. Орекеңнің тілі жұмсақ, адамды баурап алатын қасиеті бар екен. Жақсы сыйласып кеттік. Көп ұзамай отбасыларымыз араласа бастады. Байқаймын, өзіме қарағанда Орекең ұқыпты, жұмысына тиянақты. Обкомнан келген бас редактор Нұрділда Уәлиев өмір бойы үлкен орындарда қызмет жасағандықтан, ұқыптылық пен тәртіпті ұнатушы еді. Ол жастарды тәрбиеледі. Адамгершілік қағидатты жоғары ұстайтын Нұрекең ә дегеннен біздің ақылшы ұстазымызға айналды. Сол кезде Кеңес Одағын билеген Михаил Горбачевтың демократиясы мен қайта құру саясатының лебі Мәскеуден бізге де келіп жетті. Көп ұзамай бөлім меңгерушілері ұжымның сайлау сынағынан өтті. Орекең бөлім меңгерушісі болып сайланды. Айтпақшы, соның алдында ғана екеуміздің компартия қатарына қатар қабылданғанымыз бар. Жетпіс жыл билеген компартия беделі қайта бастаған тұста бізге осындай несібе бұйырды. Себебі қызметке келген екенсің, өсу үшін міндетті түрде партия мүшесі болуың керек. Ондаған жылдар бойы партияға өте алмай сарсылатын аға буынмен салыстырғанда демократия арқасында екеуміздің тағы жолымыз болды.

Оразбек көп ұзамай обкомға, лекторлар бөліміне қызметке шақырылды. Алайда, компартияның тарауына орай бұл қызметті көп атқара алмады. Бірақ, өзінің сүйікті қызметі – журналистиканы облыстық теле және радио хабарларын тарату комитетінде жалғастырды. 1997 жылы редакцияда басшылық ауысып, ол газетке қайта оралды. Жауапты хатшылыққа, кейін бас редактордың бірінші орынбасарлығына тағайындалды. Осы жолы біздің қызметіміздің сабақтастығы қайта жалғасты.

Бұл өзі буырқанған кезең еді. Кеңес дүниесі құлап, оның қираған үйіндісінің астында қалған мыңдаған проблемалардың көпшілігі газеттің қызметіне де қатысты болатын. Мемлекеттің жаңа саясаты – мемлекет мүлкін жекешелендіру көп түсіндіруді қажет етеді. Бұл жерде газеттің әрбір жарияланымы көпшіліктің көз алдында. Алдағы уақытта мемлекеттің осы саладағы саясатын түсіндірудің бүкіл қиямет-қайымы редакцияның, оның санаулы қызметкерлерінің мойнына жүктелді. Нені, қалай жазу керек, бұл енді журналистің сауаттылығына байланысты. Тақырыпқа кез келген журналистің тісі бата бермейді. Бұрынғыша, Кеңес дәуіріндегідей редакцияға келетін арыз-шағымдар көп. Халықтың менталитеті өзгере қоймаған. Санаулы дейтінім, сол кездегі облыс басшылығы өз құзыретіндегі жалғыз газеттегі мақалаларға жіті қарайды. Өйткені уақыт өзгеріп жатыр. Сол кездегі облыс әкімі Б.Сапарбаевтың тапсырмасы бойынша екеуміз Жезқазған, Ақтөбе, Шымкент қалаларына сапар шектік. Тапсырма бойынша нарық қатынастарының талаптары жергілікті газеттерде қалай көрсетіліп жатқанын жария ету. Өзара тәжірибе алмасу. Ақтөбе облыстық газетінде болдық. Облыстық әкімшіліктегі экономика саласындағы орыс ағайындармен әңгімелескеніміздің куәсі болған жергілікті журналистер бізге қызғанышпен қарайтынын байқадық. Олар облыстық басқарма басшысын қалай дөңгелентіп алғанымыздың куәсі болды. Облыстардан қадау-қадау сараптама материалдары жарияланды. Ақтөбенің бас редакторы (аты-жөні есімде қалмапты) кейін «міне, мақаланы осылай жазу керек», деп қызметкерлеріне бізді үлгі етіпті дегенді естідік.

Орекең өзінің табиғат берген болмысына сай өте сақ. Тілшілер жазған әрбір мақалаға шұқшиып қарайды, күмән туғызатын жерлері болса, түн жарымына дейін тиісті орындардан анықтағанша жариялауға жібермейді.

Жылдар өткенде көп нәрсеге басқаша ой-таныммен қарау заңдылық. Сол себептен өткенге көз жүгіртіп, оның әділ бағасын беру үшін көп зеректік керек деп ойлаймын. Ертеден қалыптасқан философиялық ой-толғам бойынша өткенді сана сүзгісінен тазалап өткізу үшін оған сол уақыттың өлшемімен жауап беруге тура келеді. Біз жақсы сыйластық, бір-бірімізді жақсы түсіндік. Кәдімгі қазақша ұғыммен айтқанда, араласуымыз «Досы көппен сыйлас, досы жоқпен сырлас» деген түсініктің аясында болды. Себебі Оразбекте дос көп болды. Барлығын үйіне қонақ етіп, сыйласып жүретін. Мүддеміз бір болған соң, өзімізді бір-бірімізге керек адамдай сезіндік.

Ал түсіністік менің ойымша, біз үшін ортақ тірлікте барлығынан маңызды болды деп ойлаймын. Бұл орайда сол жылдары бас редактор болған Жақсылық Рахматулланың ұжымда жақсы қарым-қатынас ахуалын қалыптастыруға деген адами тұлғалық қасиетінің әсері болды. «Ақылмен арыстан да ұстауға болады, ал күшпен тышқан да ұстай алмайсың» депті ортағасырлық данышпан Махмұд Қашқари. Біз бір-бірімізбен осы қанатты сөздің мазмұнына сай араласып, сыйластық, көп нәрсеге кешіріммен, түсіністікпен қарадық. Ертеден қалған пәлсапа бойынша «есі бар адам өмірге икемделеді, ессіз адам өмірді өзіне икемдегісі келеді» деген ұстаным бар. Сол алмағайып, бүгінде бағасы беріле қоймаған, бірақ өтпелі кезең дейтін шамамен 20 жылды қамтыған дәуірді біз осылайша жоғарыда айтылған ұстанымымен өткіздік.

Орекеңнің шығармашылығына қатысты тебірене қалам тербеген белгілі ғалым Алдажар Әбіловтің ой-толғамынсыз бүгінгі айтпағымыз толыққанды болмас еді. Ол бір мақаласында әріптесі туралы былай деп жазды. «Оразбек Мақсұтұлының жорналшылық қызметі, оның Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты екені, аз жазса да саз жазып, бірнеше әңгімелерді өмірге әкелгені, аудандық «Сырдария» атты газетте шыңдалғаны, облыстық теле-радиокомитеттің тілшісі, редакторы, бас редакторы, облыстық партия комитетінің лекторы, облыстық «Сыр бойы» газетінде тілші, жауапты хатшы, бас редактордың бірінші орынбасары сияқты қызметтер атқарғаны көзі қарақты оқырманға белгілі деп ойлаймыз. Оны еске алған телехабарларда марқұмның тәлімгер ұстазы, туған ағасындай болған жазушы-жорналшы Жақсылық Рахматулланың, ақын құрдасы Шакизада Әбдікәрімовтің, жары Бибігүлдің және т.б. басқалардың айтқан жылы лебіздері, сағынышқа толы іздеулері де, бала күннен бірге өскен досы, жазушы Жолтай Жұматтың (Әлмашов), ақын, жорналшы Мұхамеджан Нұрхановтың еске алулары да қалың жұртты «Ей, өмір-ай» дегізгені анық. Біз бұл тұста оларды қайталаудан аулақпыз. Марқұм Оразбектің өзіміз аңғарған, өзіміз білген жайларын көңіл көзінен өткізбекпіз.

...Оразбек Мақсұтұлының «Падашы», «Нәпақа», «Адыраспан» және т.б. бірнеше әңгімелері ішкі үндестіктегі шығармалар. Қаламгер шығармалары оның алыстан материал жинап әуре болмайтынын, қиялдан сюжет құрамайтынын, оның өз басынан кешкендерін, көңілге тоқып, түйгендерін ғана жазатынын аңғартады. Шындығында, материалды өмірдің өзінен алу дегеніңіздің өзі де оңай шаруа емес. Көрген-білген өмір құбылысына, сол болған оқиғаға құл болып калмай, оны типтендіріп, таразылап, өнерлік құбылысқа айналдыру кез келген суреткерден айрықша шеберлікті қажет етеді. Оразбек әңгімелерінен де мөлдіреген өмір шындығын көресің. Және бір қызығы, күнде өзіміз көріп жүрген елеусіз-ақ жайттың көркем дүниеге айналып құлпырып шыға келгеніне риза боласың. Риза боласың да шағын әңгімелермен-ақ повестер көтерер жүкті көтерген Оразбек шеберлігіне тәнті боласың».

Ия, белгілі ғалым осылай дейді. Өзіміз білетін, жүйкені жұқартып жіберетін журналистиканың азапты жолымен жүріп, көркем шығарма жазу алғырлық пен зеректіктің белгісі деп ойлаймын. Басынан өткізбеген адам күнара шығатын ресми газетте басшылық жасаудың қаншалықты қиын екенін түсіне бермейді. Шындығы керек, ол өзіне осындай азапты жолды таңдады. Сол жолда ақырғы демі біткенше сүрінбей, жығылмай өтті...

Жылқаман батыр



Жылқаман батырды сөз еткенде, алдымен, оның тұстасы әрі жасақ басшысы болған Сартай батыр және 1937 жылы «халық жауы» ретінде атылып кеткен Нұрмағамбет Қосжанұлының «Сартай батыр» дастаны еске түседі.

Ақын әрі жырау Нұрмағамбеттің аталған дастанында Жылқаман батыр ерекше жырланады. Жылқаман батырдың есімі және оның ерліктері Өмірзақ Жолымбетовтің зерттеу мақалаларында, Зейнолла Шүкіровтің «Сыр бойы» тарихи романында, Әбдісаттар Оспановтың «Жанқожа батыр» кітабында жеткілікті мәлімделген. Бұдан бірнеше ғасыр бұрын өткен ата-бабаларымыздың азаттық жолындағы күресі туралы жазылған қазақтың төл архиві болмады деп айта алмаймыз. Біздің архивіміз – ақын-жырауларымыз жырлап кеткен дастандар мен жырлар. Сонау заманнан ұрпақтан ұрпаққа ауызекі тілде жеткен бұл мұраларымызды біздің ұлттық кодымыз деп бағалай аламыз. Егер ауызша жеткен деректеріміз, шежірелеріміз болмаса, біз бер жағы жеті ата, ар жағы 30-35 атаға дейін баратын ұрпақтар жалғастығын қайдан білер едік.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласының «Тарихи сананы жаңғырту» бөлімінде: «Көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты» деген болатын. Кешегі кеңес кезеңінде қазақ халқының бостандығы жолындағы ерліктерін дәріптемек түгілі, атын атауға тыйым салып, тіпті жырға қосқан Нұрмағамбет Қосжанұлын және басқа көзі қарақты ақын-жырауларымызды атып, асқаны құпия емес. Сондықтан Жылқаман батыр секілді тарих қойнауында есімі мен ерліктері көмулі жатқан бабалар рухын жаңғыртып, болашақ ұрпақ үшін негіздеп жатсақ, бір парызымыздың орындалғаны деп білеміз. Жылқаман батырдың ұрпағы, құрылыс саласының маманы, бүгінде жетпістің бесеуіне келіп қалған зейнеткер, «Жылқаман» ЖШС ұжымының басшысы Нұраш Ідірісұлы кейінгі ұрпақтар атқарып жатқан игілікті істер туралы былай дейді:

– Жылқаман батыр бабамыздың ерлік істері мен мергендігі туралы ауыл қарияларынан естігенімізді бала кезімізден құлағымызға сіңіріп өстік. Бабамыз Арал ауданының Ақбасты елді мекенінде дүниеге келген. Ал бір уыс топырақ Қарақалпақстанның Нұрата өңірінен бұйырыпты. 2004 жылы Қарақалпақ жерінен батыр жатқан зираттан топырақ әкеліп, өзінің туып-өскен жеріне белгі қойып, Жылқаман батырды еске алып, насихаттау мақсатында Арал ауданының Ақбасты елді мекенінде Құран бағыштап, ас бердік. Сол жерде жан-жақтан жиналған Жылқаман батырдың ұрпақтары алдағы уақытта атқарылар істерді жоспарлап, уағдаластық. Соның нәтижесінде 2006 жылы республикалық газет-журналдарда Жылқаман батыр туралы мақалалар жарық көрді және Ақтөбе облысы Шалқар қаласында батыр бабаның есіміне көше берілді. Сол жылы Жылқаман ұжымының қолдауымен «Жылқаман батыр» атты кітап мың дана болып шығып, халыққа таратылды. Құрастырушы – осы елдің азаматы Аманжол Сақыпұлы. Жылқаман баба ұрпақтары, қазірде құрметті зейнеткер Шалқар қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманкелді Інжілісұлы, зейнеткер Мүфтулла Тойбазарұлы, көріпкел жеңгеміз Күләй және өмірден озып кеткен ініміз Бекболат Мағмияұлы осы игі іске белсене атсалысты. Болашақта да кейінгі ұрпақ бабаны ұлықтау шараларын жүргізе береді деп ойлаймын. Сонымен, Жылқаман батыр туралы көнекөз қариялардан естігеніміз бен замандастарымыздың жазбаларына сүйене отырып, білгенімізді ортаға салайық.

«Әке – балаға сыншы» деген, бала Жылқаманнан әкесі Отыншының күткені көп болса керек. Өйткені әкесі «Ер қаруы – бес қаруды» сайлар алдында ұлына деп алдымен Ресейден мылтық сатып алуы тегін емес. Отыншы бір үйір жылқысын дүмбісі ала шұбар бердеңкеге айырбастаған кезде, ауылдастары: «Оны не істейді, қайран, бір үйір жылқы» деп күліпті. Сонда Отыншы: «Ел басына күн туғанда қорғайтын осы «ақшұбар» болады» деген екен.

Нұрмағамбет Қосжанұлының «Сартай батыр» жырына және ел аузындағы әңгімелерге жүгінсек, Жылқаман батыр 13 жасында әйгілі «Мың бала» жасағының құрамында болып, жасақтың хас батырларының біріне айналған. Арал теңізі, Мұғалжар тауы, Жем өзені бойынан құрылған «Мың бала» жасағын басқарған әйгілі Сартай батырдың өзі сол кезде 16 жаста көрінеді. Міне, 13-17 жас аралығындағы өрімдей жас батырлар «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» тұсында үш жүздің басы қосылған, Әбілқайыр хан қолбасшылық еткен хас батырлардың қатарына алынады. Сайрам, Шу, Сарысу, Балқаш көлі, Бұланты, Білеуті өзендері маңындағы қазақтың тағдыры шешілетін қан майданға атойлап кіреді. Сол жан алысып, жан беріскен ұлы шайқастарда мың баланың бес жүздейі мерт болады. Опат болған 500 жасөспірім туралы Нұрмағамбет Қосжанұлының әйгілі дастанында мынадай жолдар бар:

Өрімтал елі үшін жанын қиған,
Жаратқан өздеріне берсін иман,
Халықтың бақыты тек
ғиззаттықта,
Байлықтың пайдасы жоқ
жаудан жиған.
Баян еттім қазақтың бір тарихын,
Білгенім сыртқа сыймай,
ішке сыйған.
Дұға ет, оқи қалсаң бұл дастанды,
Өмірге келген, кеткен мен
бір мейман.

Бұланты мен Аңырақайда болған шешуші шайқастарда Жылқаманның аты батырлығымен, мергендігімен шарықтап кетеді. Жылқаман майданға ақшұбарымен қатысады. Ақшұбардың оғын ұртына толтырып алады да, атқан сайын оқтап отырады екен. Мылтығын атқан сайын түтіні түтініне қосылады екен. Жылқаманның өзге батырлардан бір ерекшелігі сол, ол – майданға мылтықпен кіруі.

Жылқаманның сұр мергендігі туралы алдында атап өткен кітаптарда, дастанда және кейін бірнеше зерттеуші жазған мақалаларда нақты айтылады. Зейнолла Шүкіровтің «Сыр бойы» романында Жылқаманның мергендігі былайша суреттеледі: «Үш күнге созылған Құрым бидің асында ат бәйгесі, жорға сүресі өтті. Осы аста Жылқаманның мергендігі төрткүл дүниеге тарап еді. Алтын жамбы атуға ақшұбармен шыққан Жылқаман күн көзінде қылтылдап тұрған бес бірдей күміс тиынды қолымен сыпырғандай бірінен соң бірін атып түсірді. Жас баланың өнері жиналып тұрған алты Әлімді таң-тамаша қалдырды. Байжан би Жылқаманды бауырына басты. Әйтеке би батасын берді. Сол жылғы елдің әңгімесі Отыншының Жылқаман атты баласының құралайды көзге атқан мергендігі жайлы еді».

Он үшінде атқа қонған Жылқаманның кейінгі өмірі де қазақ елінің азаттығы жолындағы күреске толы болды. Ол Қоқан-Хиуа хандықтарынан елді қорғады. Адай-беріш жігіттерімен тізе қосып, түрікпендерді жерімізге кіргізбеді. Өңіріміздің батысын башқұрттардан, қалмақтардан қорғау соғыстарына қатысады. Ресейдің отарлау саясатына қарсы шыққан Батыр сұлтан, Сырым Датұлы, Құлбатыр, Сартай, Жанқожа, Толыбай, Көтібар, Есет, Бекет батырлармен майдандас болады.

Бала Жылқаманның, батыр Жылқаманның мергендігі туралы ел аузында және мынадай әңгіме бар. Бұланты шайқасының алдында үш жүздің би-бағландары бас қосып, Әбілқайырды қолбасшы етіп сайлайды ғой. Содан кейін Електен бері қол жинау, соғыс өнеріне машықтандыру Тама Есет Көкіұлына тапсырылады. Қайрақ, Байрақ, Тайлақ батырлар әлімдердің арасына хабар шалып, қол жинайды. «Мың бала» жасағының жас перілері Сартай мен Жылқайдарлар небәрі 15-16 жаста екен. Ал Жылқаман тіпті жас, он үште ғана. Біреулер соны меңзеп, балаға обал болмай ма дегенді айтыпты. Мұны естіген Жылқаман ақшұбарын қолына алып, ұртындағы оғын торғайларға қарай бірінен соң бірін жөнелтеді. Мылтықтың түтініне түтінін қосады. Бір мезетте барып тоқтап, торғайларды тексеруге адамдарды жібереді. Барып қараса, торғайлар тек тұмсық ұшынан жараланыпты. Ал «Сартай батыр» дастанында бұл жағдай былай сипатталады. Қырғауыл Қожа «Мың бала» тобын жассынып, Әбілқайыр жасағына қостырғысы келмейді. Жылқаманды баласынып сөйлейді. Бұған намыстанған Жылқаманды жырау қалай суреттегенін оқиық:

Ашуланып Жылқаман
Қалт, қалт етті, қалт етті,
«Қайтпаймын» деген дауысы
Ақ сұңқардай саңқ етті.
Жалт еткенде ақшұбар,
Мылтықтың даусы таңқ етті,
Қап-қара түтін ішінен
Оқпанның аузы жарқ етті.
Қырғауылдың басынан
Құс телпегі жалп етті.
Мұны көріп тұрғандар
Қарқ, қарқ, қарқ етті.

Дастанда бұдан кейін Жылқаманның Қырғауылды жарақаттамай, қолындағы найзасын, сосын беліндегі темірден құйған қынның бауын дәл көздеп, алдаспанын жерге түсіретіні, қолындағы қамшысынан айыратыны жырланады. Осыдан кейін оның бұл мергендігі Бұланты шайқасында дараланып, Жылқаманның аты асқақтайды.

Он үшінде атқа қонған Жылқаманның кейінгі өмірі де қазақ елінің азаттығы жолындағы күреске толы болды. Ол Қоқан-Хиуа хандықтарынан елді қорғады. Адай-беріш жігіттерімен тізе қосып, түрікпендерді жерімізге кіргізбеді. Өңіріміздің батысын башқұрттардан, қалмақтардан қорғау соғыстарына қатысады. Ресейдің отарлау саясатына қарсы шыққан Батыр сұлтан, Сырым Датұлы, Құлбатыр, Сартай, Жанқожа, Толыбай, Көтібар, Есет, Бекет батырлармен майдандас болады.

Өмірі ат үстінде соғыста өткен Жылқаман батыр не арманың бар деп сұрағандарға: «Ақшұбарымның түтінін түтініне қосқаныммен, оғын оғына қоса алмадым» депті.

Жылқаманның туған, қайтыс болған жылдары туралы екі түрлі пікір бар. Өмірзақ Жолымбетов 1714 жылы туып, 1786 жылы қайтыс болған деген деректі алға тартады. Ал филология ғылымының кандидаты Аманжол Сақыпұлы «Жылқаман батыр» кітабында 1712 жылы туып, 1796 жылы бақилық болған дейді. Үш жүздің басы қосылып, жоңғарларға алғаш тойтарыс берген 1725 жылы Жылқаман 13 жаста болса, демек, 1712 жылы туды деген дерек қисынға келеді дейді.

Тарихта Жанқожа батырға бата берген Жылқаман батырдың ата-тегі былайша тарқатылады: Кіші жүз-Әлім-Шекті (Жаманақ)-Шыңғыс-Жақайым-Көгіс-Торжымбай-Көшімбет-Қарабатыр-Байшаған-Нұралы-Отыншы Жылқаман. Жылқаманның бес әйелі болады. Олардан Ескұл, Досқұл, Тілеуқұл, Қауқай, Әлмен, Дәрмен деген алты ұл туады. Ал олардан тараған ұрпақтар тек Арал, Шалқар маңында ғана емес, Алматы, Астана қалаларында, еліміздің түкпір-түкпірінде тұрып жатыр. Қазіргі таңда, болашағымыз – ұрпақтарымыз бабамызды қадір тұтып, ұмытпай, батыр бабаның ұрпақтары екендігін еске салатындай Ақбасты елді мекенін Жылқаман батырдың есімімен аталуын сұраймыз.

Жанғабыл ҚАБАҚБАЕВ,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
Бердібай КЕМАЛ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі
“Ана тілі” газеті.

№63-64 (19741-19742) 3 мамыр, жұма 2019 жыл

Телебағдарлама

6-10 мамыр

QAZAQSTAN

Дүйсенбі, 6 мамыр

5:05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт
5:50 «Элвин мен алақоржындар»
6:00 «Tańsholpan»
9:00 «Пороро және оның достары»
9:15 «Жаңа қоныс»
10:00 «Арта»
11:05, 20:50 «Саған сенемін»
12:00, 16:00, 19:00, 23:40 Aqparat
12:15, 17:35 «Końil tolqyny»
12:35, 1:40 «Әке»
13:35, 18:10 «Іздедім сені»
14:25 «Shańyraq»
16:20 «Meniń Qazaqstanym»
16:50 «Qyzyq eken...»
19:55 «Qareket»
21:50 «Ертұғырыл»
0:30 «Достар»
0:55 «Жүрекке жол»
2:30 «Ұлт мақтанышы»
3:00 «Meniń Qazaqstanym»

Сейсенбі, 7 мамыр

5:05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт
5:35 «Элвин мен алақоржындар»
6:00 «Tańsholpan»
9:00, 2:10 «Arnaiy joba»
9:25, 2:35 «Końil tolqyny»
10:20, 12:05, 14:20, 16:40, 18:55 «Otan qorǵayshylar kunimen»
10:25 «Қайтпас қайсарлар»
12:10 «Ұлы дала баласы»
14:25 «28 Панфиловшылар»
16:45 «Ǵzil ǵlemi»
19:00, 23:40 Aqparat
19:35 Балғынбек Имашевтің шығармашылық кеші
21:50 «Ертұғырыл»
0:10 «Достар»
0:35 «Жүрекке жол»
1:20 «Әскери әндер»

Сәрсенбі, 8 мамыр

5:05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт
5:35 «Элвин мен алақоржындар»
6:00 «Tańsholpan»
9:00 «Пороро және оның достары»
9:30 «Жаңа қоныс»
10:15, 16:40 «Qyzyq eken...»
11:05, 20:50 «Саған сенемін»
12:00, 16:00, 19:00, 23:40 Aqparat
12:15, 17:25, 2:45 «Końil tolqyny»
12:35, 1:40 «Әке»
13:35, 18:10 «Іздедім сені»
14:25 «Shańyraq»
16:15 «Arnaiy joba»
19:55 «Qareket»
21:50 «Ертұғырыл»
0:30 «Достар»
0:55 «Жүрекке жол»
2:25 «Arnaiy joba»
3:30 «Көшпенділер»

Бейсенбі, 9 мамыр

5:05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт
5:35 «Элвин мен алақоржындар»
6:00 «Tańsholpan»
9:00 «Қасым»
11:10 «Końil tolqyny»
11:30, 13:55, 15:30, 17:30 «Erlikke taǵzym!»
11:35 «Arnaiy joba»
12:00, 19:00, 2:00 Aqparat
12:15 «Сағындырған әндер-ай!»
14:00 «Мейірімді динозавр»
15:35 «Көкжалдар»
17:35 «Көңілашар»
19:35 «Әндер мен жылдар»
21:50 «Ертұғырыл»
23:40 «Końil tolqyny»
23:50 Футбол
2:35 «Мергендер»

Жұма, 10 мамыр

5:05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт
5:35 «Элвин мен алақоржындар»
6:00 «Tańsholpan»
9:00 «Қасым»
11:10 «Kelbet»
11:35, 17:20 «Końil tolqyny»
12:05 «Назар аудар»
14:25 «Әйгерім»
16:30 «Qyzyq eken...»
18:10 «Іздедім сені»
19:00, 0:20 Aqparat
19:35 «Arnaiy joba»
19:55 «Qareket»
20:50 «Саған сенемін»
21:50 «Ертұғырыл»
23:40, 4:10 «Parasat maidany»
1:10 «Достар»
1:40 «Жүрекке жол»
2:25 «Мәншүк туралы дастан»
3:40 «Тұлға»

QYZYLORDA

Дүйсенбі, 6 мамыр

7:35, 23:35 "Сіз білесіз бе?"
8:00 "Үштаған"
9:00 "Хайди"
9:20, 15:00 "Сиқырлы әткеншек"
9:45 "Шежіре"
11:00 "Сыр жұлдыздары"
11:30 "Қазақстан тынысы"
12:00 "Таңғажайып табиғат"
12:15 "Емен -жарқын"
12:40 "Заңгер кеңесі"
13:00, 17:00, 21:30 Жаңалықтар
13:25, 17:30, 22:00 Новости
13:45 "Жаңа күн"
15:40 "Тігіншілер"
18:00 "Қасым"
19:00 "Өмірдің өзі..."
20:00 "Мәртебелі мамандық"
20:20 "Тұмса табиғат төлдері"
21:10 "Бәйге"
22:25 "Қиялшы дәрігер Ким Сабу"

Сейсенбі, 7 мамыр

7:35, 23:35 "Сіз білесіз бе?"
8:00, 13:00, 17:00, 21:30 Жаңалықтар
8:30, 13:25, 17:30, 22:00 Новости
9:00 "Хайди"
9:20, 15:0 "Сиқырлы әткеншек"
9:45, 22:25 "Қиялшы дәрігер Ким Сабу"
10:55, 20:20 "Тұмса табиғат төлдері"
11:30, 16:50, 17:50, 19:30 "Жеңіс солдаты"
11:40 "Бәйге"
12:00 "Өмірдің өзі..."
13:00 ҚР ІІМ Ішкі әскерлерінің орталық оркестрі және ән-би ансамблі
13:45 "Жаңа күн"
15:40 "Тігіншілер"
17:00 "Отаныма қызмет етемін!"
18:00 ҚР Ұлттық ұланы ән-би ансамблінің концерті
19:40 "Заңгер кеңесі"
20:00 "Ой-таным"
21:10 "Репортер ұсынады"

Сәрсенбі, 8 мамыр

7:35, 23:35 "Сіз білесіз бе?"
8:00, 13:00, 17:00, 21:30 Жаңалықтар
8:30, 13:25, 17:30, 22:00 Новости
8:50, 11:25, 16:50, 20:50 "Жеңіс солдаты"
9:00 "Хайди"
9:20, 15:00 "Сиқырлы әткеншек"
9:45, 22:25 "Қиялшы дәрігер Ким Сабу"
10:55, 20:20 "Тұмса табиғат төлдері"
11:20, 17:50, 20:45"Ерлік-елге мұра, ұрпаққа ұран "
11:35 "Жыр-керуен"
12:00 "Өзекжарды"
12:40 "Юридическая консультация"
13:45 "Жаңа күн"
15:40 "Тігіншілер"
18:00 "Қасым"
19:00 "Өмірдің өзі..."
20:00 "Бизнес-бағдар"
21:10 "Туған өлке"

Бейсенбі, 9 мамыр

7:55, 10:45, 11:30, 12:55, 15:30, 16:55, 17:50, 20:40, 22:20 "Ерлік- елге мұра, ұрпаққа ұран! "
8:00, 13:00, 17:00, 21:30 Жаңалықтар
8:30, 13:25, 17:30, 22:00 Новости
8:50, 10:50, 11:45, 12:45, 15:30, 18:50, 21:55,21:25 "Жеңіс солдаты"
9:00 Х/ф "28 Панфиловцев"
11:00 "Шығыстың аяулы қыздары-Мәншүк пен Әлия"
11:35, 15:20, 15:35, 19:50, 20:45 "Ардагермен әңгіме"
12:00 "Сыр елі Ұлы Отан соғысы жылдарында"
13:45 "Жаңа күн"
15:00 "Сиқырлы әткеншек"
15:40 "Ұлы Жеңіске -74 жыл"
16:20 "Менің әкем"
16:45 «Они приближали победу»
18:00 "Қасым"
19:00 «Жеңіске рух берген әндер»
19:40 "Майданнан хат"
20:05 "Ерлік пен елдік шежіресі"
21:10 "Тағдыр оған үш бақыт, үш өмір сыйлады"
22:30 Х/ф "Лесная баллада"
23:50 "Сіз білесіз бе?"

Жұма, 10 мамыр

7:35 "Сіз білесіз бе?"
8:00 Жаңалықтар
8:30 Новости
8:50, 12:40, 15:30, 17:50, 20:35 "Жеңіс солдаты"
9:00 "Хайди"
9:20 "Сиқырлы әткеншек"
9:45 Х/ф "Лесная баллада"
11:05, 21:10 "Ардагермен әңгіме"
11:15, 13:55, 16:50, 20:30, 21:20 "Ерлік- елге мұра, ұрпаққа ұран! "
11:20 "Айналайын халқымнан еркелеткен..."
12:00 «Жеңіске рух берген әндер»
13:00 "Ұлы Жеңіске -74 жыл!"
14:00 Х/ф "За нами Москва"
15:40 "Тігіншілер"
17:00 "Ботақан"
18:00 "Қасым"
19:00 ҚР Мемлекеттік күзет қызметі Президенттік оркестрінің концерті
20:40 "Коктейль"
21:25 «Они приближали победу»
21:30 "Сыр жұлдыздары"
22:50 Х/ф "Подарок Сталину"

ХАБАР

Дүйсенбі, 6 мамыр

5:00 "Тамаша"
6:00 "Тобот"
6:30, 7:10, 8:10 "Таңғы хабар"
7:00, 11:00 Жаңалықтар
8:00, 12:00 Новости
9:00 Х/ф "Посейдон"
10:40 "Биіктерді бағындырған"
11:10, 20:30 "Шестой пост"
12:10 "Слово офицера"
13:50 "Давайте говорить!"
14:40, 16:25, 17:15, 23:15 "Все для фронта. Все для победы"
15:00 Х/ф "Мәншүк туралы аңыз"
16:45 "Bilim"
17:40 "Өмір жолы"
18:10 "Бауыржан Момышұлы"
19:00 Қорытынды жаңалықтар
19:30"Online"
20:00 Итоги дня
21:15 "Jigitter 15 jyl"
23:30 Х/ф "Жансебіл"

Сейсенбі, 7 мамыр

5:00 "Сарбаз әндері"
6:30, 7:10, 8:10 "Таңғы хабар"
7:00, 11:00 Жаңалықтар
8:00, 12:00 Новости
9:00 "Күш атасы-Қажымұқан"
9:25 Х/ф "Мергендер"
11:10, 20:30 "Шестой пост"
12:10 "Слово офицера"
14:15 "Паншер патшасы"
14:45 Х/ф "Возвращение в "А"
16:30 "Алашұлы" тобы
18:10 "Бауыржан Момышұлы"
19:00 Қорытынды жаңалықтар
19:30 "Журналистік зерттеу"
20:00 Итоги дня
21:15 Х/ф "Шал"
23:00 "У войны не женское лицо"
23:15 "Айбынды Қазақстан"
0:45 "Железный путь к победе"

Сәрсенбі, 8 мамыр

5:00 "Тамаша"
6:00 "Тобот"
6:30, 7:10, 8:10 "Таңғы хабар"
7:00, 11:00 Жаңалықтар
8:00, 12:00 Новости
9:00, 10:45, 14:15, 17:45, 23:15 "Все для фронта. Все для победы"
9:15, 23:40 "Тірі келуге бұйырамын"
11:10, 20:30 "Шестой пост"
12:10 "Слово офицера"
14:30 "Давайте говорить!"
15:15 "Өмір жолы"
15:45 "Туған ел"
18:00 "Бауыржан Момышұлы"
19:00 Қорытынды жаңалықтар
19:30 "Online"
20:00 Итоги дня
21:15 Х/ф "28 панфиловцев"

Бейсенбі, 9 мамыр

5:00 "Жеңіс күніне арналған концерт"
6:30, 7:10, 8:10 "Таңғы хабар"
7:00, 11:00 Жаңалықтар
8:00, 12:00 Новости
9:00 "Отырарды қорғау"
9:25, 10:50, 12:10, 23:45, 0:50 "Все для фронта. Все для победы"
9:40 "Тірі келуге бұйырамын"
11:10, 0:00 "Ерлікке тағзым"
12:30 "Слово офицера"
14:30 "А зори здесь тихие"
18:00 "Бауыржан Момышұлы"
19:00, 22:45 Қорытынды жаңалықтар
19:30 "Қара кемпір"
20:00 Итоги дня
20:30 "Шестой пост"
21:15 "Отан деп соққан жүрегі ..."
23:15 "Өмір жолы" -

Жұма, 10 мамыр

5:00 "Тамаша"
6:00 "Тобот"
6:30, 7:10, 8:10 "Таңғы хабар"
7:00, 11:00 Жаңалықтар
8:00, 12:00 Новости
9:00 "Надо мной небо синее"
10:15, 23:45 "Тірі келуге бұйырамын"
11:10, 20:30 "Шестой пост"
12:10 "Слово офицера"
14:10, 16:50, 23:15, 0:35 "Все для фронта. Все для победы"
14:30 Х/ф "Офицеры"
16:00 "Тарих. Тағдыр. Тұлға"
17:10 "Тәуелсіздік тірегім"
19:00 Қорытынды жаңалықтар
19:30 "Бетпе-бет"
20:00 Итоги дня
21:15 Х/ф "Стелс"

Евразия

Дүйсенбі, 6 мамыр

5:00, 3:10 «Ән дария»
5:40 «Той заказ»
6:10 «Тамада battle»
7:00 «Доброе утро»
10:00 «Поле чудес»
11:00 «Қалаулым»
14:00 «На самом деле»
15:00 «Сумасшедшая Любовь»
17:00 «Басты жаңалықтар»
17:45, 2:10 «Пендеміз ғой»
19:00 «Главные новости»
19:45, 22:00 «Ворона»
21:00, 1:25, 3:55 «П@утіна»
23:30 «По законам военного времени 2»

Сейсенбі, 7 мамыр

5:00, 3:10 «Ән дария»
5:45 «Тамаша city»
6:35, 17:00 «Басты жаңалықтар»
7:30 «Ұшқалақ»
8:00 «Бауыржан Момышулы»
10:00 «Валерий Гаркалин. Грешен. Каюсь»
11:00 «Қалаулым»
14:00 «Добрый вечер, Казахстан!»
15:00 «Сын»
17:45, 2:10 «Отан деп соққан жүрегі»
19:00 «Главные новости»
19:45, 22:00 «Ворона»
21:00, 1:25, 3:55 «П@утіна»
23:30 «По законам военного времени 2»

Сәрсенбі, 8 мамыр

5:00, 3:10 «Ән дария»
5:40 «Той заказ»
6:10, 17:00 «Басты жаңалықтар»
7:00 «Доброе утро»
10:00 «Поле чудес»
11:00 «Қалаулым»
14:00 «На самом деле»
15:00 «Работа над ошибками»
17:45, 2:10 «Пендеміз ғой»
19:00 «Главные новости»
19:45, 22:00 «Ворона»
21:00, 1:25, 3:55 «П@утіна»
23:30 «По законам военного времени 2»

Бейсенбі, 9 мамыр

5:00, 3:40 «Ән дария»
5:45 «Тамаша city»
6:35, 17:00 «Басты жаңалықтар»
7:45 «Ұшқалақ»
8:00 «День Победы»
11:00 «Қалаулым»
14:00 Москва. Красная площадь. Парад, посвященный Дню Победы
15:00 «В бой идут одни старики»
16:55 «Светлой памяти павших в борьбе против фашизма»
17:45, 2:35 «Ұлы Жеңіс күні»
19:00 «Главные новости»
19:45, 22:00 Х/ф «Диверсант»
21:00, 1:50 «П@утіна»
0:00 «По законам военного времени 2»

Жұма, 10 мамыр

5:00, 2:55 «Ән дария»
6:00 «Тамаша city»
6:45 «Жұма уағызы»
7:00, 17:00 «Басты жаңалықтар»
7:50 «Ұшқалақ»
8:00 «Офицеры»
9:45 «Лучше всех!»
11:00 «Қалаулым»
14:00 «Добрый вечер, Казахстан!»
15:00 «Река памяти»
17:45, 1:55 «Заң сөйлесін»
19:00 «Главные новости»
19:45 «Поле чудес»
20:50, 23:00 «Кровь не вода»
22:00, 1:10, 3:40 «П@утіна»
0:10 «Наркотики третьего рейха»

КТК

Дүйсенбі, 6 мамыр

6.05 “Дау-дамайсыз”
6.30 “Қайсар жесір”
7.30 “Тағдыр қосқан асыл жар”
8.30 “Юрмала”
9.30 “Соседка”
11.40 “Охота на верного”
13.30 “Восточные сладости-2”
15.35, 1.40 “Саодат”
17.00 “Махаббат пен жаза”
18.30 Кешкі жаңалықтар
19.00, 2.40 “Астарлы ақиқат”
20.00 Вечерние новости
20.40 “Лесник”
22.30 “Чужая”
0.20 “Сүйікті Дениз”
3.25 “Әйел қырық шырақты”
4.10 “Көріпкел”
5.00 “Мерекелік концерт”

Сейсенбі, 7 мамыр

6.05 “Қайсар жесір”
7.20 “Тағдыр қосқан асыл жар”
8.30 “Юрмала”
11.30, 22.30 “Чужая”
13.30 “Восточные сладости-2”
15.35, 1.40 “Мерекелік концерт”
17.00 “Махаббат пен жаза”
18.30 Кешкі жаңалықтар
19.00, 2.40 “Астарлы ақиқат”
20.00 Вечерние новости
20.40 “Лесник”
0.20 “Сүйікті Дениз”
3.25 “Әйел қырық шырақты”
4.10 “Көріпкел”
5.00 “КТК” қоржынынан”

Сәрсенбі, 8 мамыр

6.05, 18.30 Кешкі жаңалықтар
6.30 “Қайсар жесір”
7.30 “Тағдыр қосқан асыл жар”
8.50 Новости
9.30, 20.40 “Лесник”
11.30, 22.30 “Чужая”
13.30 “Восточные сладости-2”
15.35, 1.40 “Мерекелік концерт”
17.00 “Махаббат пен жаза”
19.00, 2.50 “Астарлы ақиқат”
20.00 Вечерние новости
0.20 “Сүйікті Дениз”
3.30 “Әйел қырық шырақты”
4.20 “Көріпкел”
5.10 “КТК” қоржынынан”

Бейсенбі, 9 мамыр

6.05 “Ән мен әнші”
8.20 “Касым”
12.40 “Ладога”
17.00 “Махаббат әлемі”.
20.00 “Құдалар”
22.00 “Чужая”
0.00 “Сүйікті Дениз”
1.10 “Махаббат әлемі”
3.30 “Әйел қырық шырақты”
4.20 “Көріпкел”
5.10 “Мерекелік концерт”

Жұма, 10 мамыр

6.05, 4.50 “Мерекелік концерт”
6.30 “Қайсар жесір”
7.30 “Тағдыр қосқан асыл жар”
8.20 “Не Египте мне мозги”
10.00 “Құдалар
12.00 “Чужая”
14.20 “Восточные сладости-2”
16.10 “Алдараспан”
17.40, 2.10 “Табиғатым махаббатым”
20.00 “Станция судьбы”
21.30 “Счастье по договору”
1.00 “Сүйікті Дениз”
4.00 “Көріпкел”

ASTANA TV

Дүйсенбі, 6 мамыр

5:00 "KazNet"
5:30 "Әзілстан"
6:00 Аружанмен бой жазу жаттығулары
6:10, 20:00 "Таңдауым сен"
7:10 Разминка с Аружан
7:20 "Избранное за неделю"
8:05 "Маша и медведь"
9:00, 21:00 "Абысындар"
10:00 "Келін бақыты"
11:00, 17:00 "Келіндер"
12:00 "Біздің уақыт"
13:00 Күндізгі жаңалықтар
13:20 "MoneyTime"
13:40 "ТенгеманияNEXT"
14:00 "Истребители"
16:30 "Ruh.kz"
18:00 "№309"
19:00, 2:00 Жаңалықтар
19:30, 2:30 Новости "20:30"
22:30 "Бір туған"
23:30 "Қара нан"
1:30 "Күлдірген"

Сейсенбі, 7 мамыр

5:00 Жаңалықтар
5:30 Новости "20:30"
6:00 Аружанмен бой жазу жаттығулары
6:10, 20:00 "Таңдауым сен"
7:10 Разминка с Аружан
7:20, 13:40 "Маша и медведь"
9:30, 21:00 "Абысындар"
11:00 "Жүрегім сен келгелі бақытты"
14:00 "Истребители"
16:30 "Алдар көсе"
17:00 "№309"
18:00 Х/ф "Финансист. Игра на вылет"
22:30 "Бір туған"
23:30 "Қара нан"
1:30 "Күлдірген"

Сәрсенбі, 8 мамыр

5:00, 13:20 "MoneyTime"
5:30, 13:40 "ТенгеманияNEXT"
6:00 Аружанмен бой жазу жаттығулары
6:10, 20:00 "Таңдауым сен"
7:10 Разминка с Аружан
7:20 "Маша и медведь"
9:30, 21:00 "Абысындар"
11:00 "Келін бақыты"
12:00 "Ел аузында"
13:00 Күндізгі жаңалықтар
14:00 "Истребители"
16:30 "Ruh.kz"
17:00 "Келіндер"
18:00 "№309"
19:00, 2:00 Жаңалықтар
19:30, 2:30 Новости "20:30"
22:30 "Бір туған"
23:30 "Қара нан"
1:30 "Күлдірген"

Бейсенбі, 9 мамыр

5:00, 2:00 Жаңалықтар
5:30, 2:30 Новости "20:30"
6:00 Х/ф "Майдангерлер"
6:30 "Жеңіс әндері"
7:00 "Алдар көсе"
8:00 "Маша и медведь"
9:00 "А зори здесь тихие"
13:00 "Жеңіс әндері"
14:00 "Истребители"
15:00 Х/ф "28 панфиловшылар"
17:40 Х/ф "В поисках мамы"
20:00 "Таңдауым сен"
21:00 "Абысындар"
22:30 "Бір туған"
23:30 "Қара нан"
1:30 "KazNet"

Жұма, 10 мамыр

5:00 "Күлдірген"
6:00 Аружанмен бой жазу жаттығулары
6:10, 20:00 "Таңдауым сен"
7:10 Разминка с Аружан
7:20 "Маша и медведь"
9:30, 21:00 "Абысындар"
11:00 "Келін бақыты"
12:00 "Спасти землю"
14:00 "Истребители"
16:30 "Алдар көсе"
17:00 "Келіндер"
18:00 "№309"
19:00 Тұрсынбек Қабатовтың концерті
22:30 "Бір туған"
23:30 "Қара нан"
1:30 "Күлдірген"

7 ЖЕТІНШІ АРНА

Дүйсенбі, 6 мамыр

5.00 «Қыздар арасында»
6.00 «Айнаонлайн»
7.00, 19.00, 2.00 «Элиф»
8.00 «Юморина»
11.10 Х/ф «Робокоп»
13.30 «Япырай»
14.00, 2.45 «Өз ойым»
15.40 «Место встречи изменить нельзя»
17.10 «Q-елі»
17.50 «Әкесінің баласы»
20.00 Лотерея 777
20.05 «Тақиялы періште»
20.40 Х/ф «Рокки»
23.10 «Разведчицы»
4.00 «Жеңіп көр»

Сейсенбі, 7 мамыр

5.00 «Қыздар арасында»
6.00 «Бастық боламын»
7.00, 19.00, 2.00 «Элиф»
8.00, 23.10 «Разведчицы»
11.10 Х/ф «9 рота»
14.00, 2.45 «Өз ойым»
15.40 «Место встречи изменить нельзя»
17.10 «Q-елі»
17.50 «Әкесінің баласы»
20.00 Лотерея 777
20.05 «Тақиялы періште»
20.40 Х/ф «Рокки 2»
4.00 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі, 8 мамыр

5.00 «Қыздар арасында»
6.00 «Бастық боламын»
7.00, 19.00, 2.00 «Элиф»
8.00, 23.10 «Разведчицы»
11.10 «Смеяться разрешается»
13.30 «Гу-гулет»
14.00, 2.45 «Өз ойым»
15.40 «Место встречи изменить нельзя»
17.10 «Q-елі»
17.50 Лоторея 6/49
18.30 «Әкесінің баласы»
20.00 Лотерея 777
20.05 «Тақиялы періште»
20.40 Х/ф «Рокки 3»
4.00 «Жеңіп көр»

Бейсенбі, 9 мамыр

5.00 «Қыздар арасында»
6.00 «Бастық боламын»
7.00, 19.00, 2.00 «Элиф»
8.00, 23.10 «Разведчицы»
11.10 Х/ф «Сволочи»
13.30 «Гу-гулет»
14.00, 2.45 «Өз ойым»
15.40 «Место встречи изменить нельзя»
17.10 «Q-елі»
17.50 «Әкесінің баласы»
20.00 Лотерея 777
20.05, 3.30 «Гу-гулет»
20.40 Х/ф «Рокки 5»
22.50 Х/ф «Рокки Бальбоа»
1.00 «КЗландия»
2.45 «Қуырдақ»
4.00 «Жеңіп көр»
8.00, 23.10 «Разведчицы»
11.10 «Парад звезд:9 мая»
13.10 «Шап,шаншар»
15.40 «Место встречи изменить нельзя»
17.00 «Q-елі»
17.40 «Әкесінің баласы»
20.00 Лотерея 777
20.05, 3.30 «Гу-гулет»
20.40 Х/ф «Рокки 5»
22.50 Х/ф «Рокки Бальбоа»
1.00 «КЗландия»
2.45 «Қуырдақ»
4.00 «Жеңіп көр»

Телебағдарламада өзгерістер болуы мүмкін

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 74 ЖЫЛ

Майдангер

Ауладағы жайқалған өріктің жанындағы орындыққа жайғаса бергенде алысқа көз тастап, не сұрайтынымызды топшылағандай болды. Азапты жылдардың көрінісі көз алдына келген болар, жанарына жас іркілді. Иә, қан майдандағы алапат соғыстың бел ортасында ел қорғауға аттанған сарбаздар қатарында болған Яхия Тасыров бүгінде баталы қарияға айналды. Сырдария ауданының жұртшылығына танымал ақсақалдың шаңырағына барып, аз-кем сұхбаттасып қайтқан едік.

Дәулет ҚЫРДАН.

Сурет автордікі.

Тоқсанның жетеуіне аяқ басқан Яхия Тасыровты үйінен ұстай алмайсыз. Аллаға шүкір, тың екен. Тереңөзек кентін айналып жүріп, ұлының үйінен таптық.

– Осылай балаларды аралап, амандық білетінім бар, – деген ақсақал әңгімесін әрі қарай жалғады. – Майдан даласына 1941 жылы аттандым. Әдепкіде ішкі әскер құрамында болдық. Әбден дайындады. Алдымен Новосібірге, онан соң Мәскеуге апарды. Окоп дайындадық, ормандағы ағаштарды кесіп, танктердің өтуіне қолдан кедергі жасаймыз. Иә, біз бұл уақытта нағыз майданның бел ортасына бармаған едік.

...Радиода Левитанның дауысы. Бәріміз ұйып қалғанбыз. Фашистердің қай қаланы алғанынан, біздің солдаттардың қай қаланы босатқанынан осылай хабардар боламыз. Мәскеу көшесін әнмен әуелетіп, көңілді келе жатқан солдаттарды бір сәтте вагонға тиеді де ала жөнелді. Жұлқа жөнелген паровоздың бізді қайда апара жатқанынан бейхабар едік. Іште білетіндердің бірі «Курскіге барамыз» деді, рас екен. Бұл кезде фашистер Курскіні алыпты. Стансаға тоқтай бере «Спасайтесь!» деген дабыл көтерілді. Дереу әрбіріміз әр жаққа қаштық. Аспанда атысқан самолет. Жарқ-жұрқ. Біздікілер де қарап қалмады, жаудың ұшағын төмен құлдилатты. Сөйтсек, біздің алдымыздағы тұтастай бір эшелонды тып-типыл етіпті. «Стансаны қоршаңдар» деген пәрмен келді. Бізді ұстап беріп отырған тыңшы бар екен, осылайша соны қолға түсірдік.

Қан майданда бораған оқ пен оттың ортасындағы жылдар осылай басталды да кетті. Сырдария ауданының А.Тоқмағамбетов ауылында кіндік қаны тамған Яхия Тасыров осылайша Ресей жерінде жаумен шайқасты. Елді азат етуге атсалысты. Әдепкіде станокты пулеметті оқтаушы болып жүрді. Ен далада 70 келі салмақты арқалап, талай рет ұрыстың бел ортасына түсті. Бірақ, Құдай қарасқан шығар, ауыл баласы аман-есен қалды.

– Сталинград майданы еді. Окопта тұрып, қарға жуынған шақтар ғой. Жаумен арамыз бері дегенде 800 метр, әрі дегенде 1 шақырым. Бір сәтте тегіс дала қап-қара түтінге айналды. Ешнәрсе көре алмайсың. Қорғанбасаң, қаңғыған оқтың құрбанына айналасың. Төменде танк, үстімізде оқ себелеген ұшақ. Окопты паналап, тығылып қалсаң, үстіңнен танк келіп, езіп-жаншып өлтіріп кетеді. Біз соғысқан алқаптың шетінде үлкен сай бар. Бізге командирдің бұйрығы сол сайға тығылу болды. Өйткені, жау танкі ол жаққа бара алмайды. Жүгіріп келемін. Бір сәтте командир байқап қалып, «Бросай же!» деп айғайлады. Сол сәтте ғана маған тапсырылған затты лақтырып, бас сауғалауды ойға алыппын. Қолда мылтық та жоқ. Жалғыз қару, танкке арналған жарылғыш бөтелке. Бір танктің ішіне соны салдым да қаштым. Ал олар он бес метр қашықтықтан бері қарай көре алмайды. Сөйтіп, станокты пулеметпен жаудың талайын жайраттық та, сол Сталинград майданынан аман шықтық. Міне, осыдан соң барып, қолға қару берді, – деді майдангер.

Қанаттанған қырғауылдай сайды паналап жатқан әскер бірнеше тәулік тамақтанбаған еді. Қажыған, қалжыраған. Жаралылары да көп. Әлден уақытта «Тірілерің, сапқа тұрыңдар!» деген пәрменмен жан-жақтан сарбаздар селдіреп шыға бастады.

1945 жыл. 9 мамыр. Жеңіс күні. Бұл қуанышты Яхия Тасыров ауруханада жатып естіді. Бөлініп қалған аяқты емдеп жатқан дәрігер қуанғаннан «Ой, Тасыров, ты домой живым вернешься» дегенде жанарынан қуаныштың көз жасы сырғыды.

Бүгінде өзінен өрбіген төрт перзенттен немере-шөбере де тарады. Ұлы Отан соғысының I, II дәрежелі ордендерімен, 17 түрлі төсбелгілермен марапатталған. Сырдария ауданының Құрметті азаматы. 2018 жылы ауданда «Жыл адамы» атағын иеленді.

Ақсақалдың батасын алып, біз де қайттық. Қарт майдангердің тілегі елдің тыныштығы болды.

Сырдария ауданы.

САЛЫММЕН САҚТА САУЛЫҚТЫ

Жаңа жүйе түсіндірілді

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры облыстық филиалының сарапшылары Қызылорда медициналық жоғары колледжінің ұжымымен кездесті.

Биыл білім ордасында мейірбике ісі, эпидемиология, стоматология, фармация, зертханалық диагностика және басқа да бейіндер бойынша 500-ге жуық жас маманға жолдама беріледі. Олар жаңа денсаулық сақтау жүйесі – МӘМС бойынша жұмыс жасайды. Осыған орай филиал мамандары жастарға жаңа жүйенің ерекшелігі мен маңызын жан-жақты әңгімелеп, кеңінен түсіндірді.

«2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің (бұдан әрі - ТМККК) қаржылық операторы және медициналық қызметтер үшін бірыңғай төлеуші болды» – деп атап өтті сарапшылар. Барлық медициналық қызметтер екі пакет – МӘМС және ТМККК айналасында топтастырылған. Кепілді пакетте – әлеуметтік маңызды ауруларды емдеу (онкология, туберкулез, психиатрия), жедел жәрдем, санавиация, алғашқы медициналық-санитариялық, шұғыл, паллиативтік көмек қарастырылса, МӘМС пакетінде жоспарлы диагностика мен емдеу қызметтерінің кең ауқымы бар. Қор мамандарының айтуынша, ТМККК еліміздің барлық азаматтарына арналған. Ал МӘМС пакеті тек сақтандырылған азаматтар үшін. Егер төлемдердің түспеуі үш айдан артса МӘМС пакетіне құқығы болмайды.

Барлыбек БАТЫР.

100 күн ішінде 100 смартфон: Қазақстанда «Чекті талап ет – жүлдені ұтып ал!» акциясы басталды

2019 жылғы 1 мамырдан бастап 8 тамызға дейін Қазақстан Республикасының азаматтары «Чекті талап ет – жүлдені ұтып ал!» акциясына қатыса алады. Акцияны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті фискалдық деректер операторымен бірлесіп өткізеді.

Акция кезінде Қазақстанның әрбір тұрғыны кез келген затты сатып алу немесе ақылы қызметті қолдану кезінде смартфон ұтып алу мүмкіндігіне ие болады. Тек тауарлар, жұмыстар және қызметтер үшін төленген сомаға берілетін чектерді «Таңдау» мобильдік қосымшасында тіркесе болды. Акцияға тек деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-кассалық машиналардың (Онлайн БКМ) чектері қатысады.

Акцияны өткізудің мақсаты азаматтық белсенділікті арттыру, азаматтардың тауар, жұмыс және қызмет тұтынушысы ретіндегі өз мүдделерін қорғау бойынша құқықтық мәдениетін қалыптастыру, көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту болып табылады.

«Чекті талап ет – жүлдені ұтып ал!» кең ауқымды республикалық акциясына кез келген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде Онлайн БКМ чектерін алған Қазақстанның жасы 18-ден жоғары азаматтары қатыса алады.

Қатысушы және чек туралы мәліметтерді тіркейтін «Таңдау» тегін мобильді қосымшасы App Store, Google Play market-те қолжетімді.

Акция шарттары бойынша чектің берілген күні мен уақыты ұтыс ойыны басталған күннен ерте болмауы тиіс. Бір қатысушы тіркейтін чектер саны шектелмеген.

Акцияның толық шарттарын және қосымшамен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулықты www.trebui.kz сайтынан көруге болады.

Акция өту кезінде қатысушылар арасында күн сайын 100 смартфон ойнатылады.

Байланыс тел.: 23-51-48.

Қызылорда облысы бойынша МКД Талдау және тәуекелдер басқармасы.

БАЙҚАУ

Он екі жасар жүлдегер

12 жастағы қызылордалық Ниғматулла Абдазимов VIII республикалық Құран байқауында жүлделі II орын иеленді, – деп хабарлады ҚМДБ-ның облыстағы өкілдігінің баспасөз қызметі.



Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ұйымдастырған дәстүрлі Құран байқауы екі күнге созылды. Алматыда өткен сайысқа еліміз бойынша 558 қари Құран Кәрімді толық және 20, 10 парасын жатқа, мәнерлеп оқу бағыттары бойынша сынға түсті. Жүлде қоры 16 млн теңгені құрайтын жарыста қазылар алқасының бағалауымен Құран Кәрімнің 20 парасын жатқа оқу номинациясы бойынша II орынға жерлесіміз Ниғматулла Абдазимов лайық деп танылды.

«СБ» ақпарат.

Бақұл бол, ардақты аға

Сыр елінің біртуар азаматы, медицина саласының құрметті ардагері, әріптес ағамыз Шүленбаев Төлетай Айтмағанбетұлы 87 жасында дүниеден озды.

1932 жылы дүниеге келген Төлетай Айтмағанбетұлының жастық шағы Ұлы Отан соғысы жылдарымен тұспа-тұс келсе де, Жалағаш ауданындағы орта мектепті бітірген білімге деген құштарлығы оны Алматы қаласындағы мемлекеттік медициналық институтқа оқуға жетеледі. Институтты 1958 жылы бітіріп, 2003 жылға дейін бар саналы ғұмырын тұрғындардың денсаулығын сақтауға арнады. Еңбек жолын 1958 жылы Жалағаш ауданында бала дәрігері болып бастап, 1961 жылдан бұрынғы Сырдария ауданы, Тасбөгет қыстағындағы ауруханада фтизиатр, аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары, 1964-1980 жылдары Сырдария аудандық туберкулезге қарсы диспансердің бас дәрігері, бөлім меңгерушісі қызметін абыройлы атқарып, құрметті зейнет демалысына шықты. Жұмыстан қол үзбей, 2003 жылға дейін рентгенолог қызметін атқарды. Облыс халқының денсаулығын сақтауда үздіксіз 45 жыл еңбек етіп, ізінен ерген жүздеген шәкірттеріне өзінің білімінің терең, адамгершілігінің жоғары, үлгілі де білікті дәрігер екенін ісімен дәлелдей білді. Медицина саласында атқарған жемісті еңбегі бағаланып, "Денсаулық сақтау ісінің үздігі" медалімен, алғыс хаттар және мақтау грамоталарымен марапатталды. Халық қалаулысы ретінде поселкелік кеңестің депутаты болып бірнеше рет сайланды.

Төлетай Айтмағанбетұлының жарқын бейнесі біздің жүрегімізде сақталады.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы, облыстық туберкулезге қарсы диспансер ұжымы.

«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінде жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау сағаты	Мекен-жайы
Кожабергенов Фердоуси Әбілқасымұлы	Басқарма басшысы	Әр аптаның сейсенбі күні	16:00-ден 18:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі,12 10-этаж
Досжанов Азамат Мақсұтұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның сәрсенбі күні	15:00-ден 17:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі,12 10-этаж
Болатбеков Дінмұхамед Сағатбекұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның жұма күні	15:00-ден 17:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі,12 10-этаж

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мемлекеттік қызметшілердің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңдары мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі талаптарының бұзылуына жол бермеуі мақсатында «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінде 8 /7242/ 70-03-78, 70-54-87 «Сенім телефонына» жүгінуге болатындығын хабарлайды.

Электронды пошта: oblkasipkerlik@korda.gov.kz

Хабарлама

120001, ҚР, Қызылорда қ., Қазыбек би көшесі, 13, телефон 8 (7242) 26-10-53 мекен-жайында орналасқан «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ «Құмкөл кенішіндегі жоғарғы неокомдағы газ шоғырларын игеру жобасы» құжатының «Қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалау» жобалық құжатын мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізуге 120008, ҚР, Қызылорда қ., Желтоқсан көшесі,150, телефон 8 (7242) 23-02-44 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысы бойынша Экология департаментінің қарауына ұсынылатындығын хабарлайды: **Барлық сұрақтар бойынша төмендегі адреске хабарласуға болады: Алмагүл Масақбаева. e-mail: masakpaevaa@mail.ru тел.: 8-7172-30-40-15.**

Маман қажет

Жедел түрде экскаваторщик, автокрановщик және кірпіш зауытына жұмысшылар қажет. Жатын орын және тамақпен қамтамасыз етіледі. **Байланыс тел.: 87770582469, 87013359650. (3-1).**

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Жайыңыз болсын жұмақта

Әулетіміздің ардақтысы, бауырларының қамқоршысы, отбасымыздың тірегі, ардақты әкеміз Нұрлыхан Сұлтанұлы Байжанов осы жылдың 2-сәуірінде фәниден озған еді. Әне-міне дегенше, келместің кемесіне мініп, мәңгілік мекеніне аттанғанына қырық күн болды.

Әкеміз Нұрлыхан Сұлтанұлы 1956 жылдың 7 қарашасында Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылында дүниеге келген. Бар саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнап, уақытпен санаспай өз ісіне жауапкершілікпен қарап, қызметін абыройлы атқарды. Еңбек жолындағы ең жоғары баға – халықтың құрметіне, елдің ықыласына, ағайын-туыстың алғысына бөленді. Анамыз Гауһар екеуі 2 ұл, 3 қыз өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, балаларының ел қатарлы білім алуына жағдай жасап, тектіліктің туын желбірете білді.

Қадірлі жан едің сыйлы болған
халқыңа,
Өмірден өттің адал,
таза қалпыңда.
Тәубе айтып, шүкір дейміз
Аллаға,
Ізіңді жалғар ұрпағың бар
артыңда.
Сендірдің бұл фәнидің
жалғанын,
Мойынсұндық жазуына
Алланың.
Тілекші бол, жай бұйырып
жаннаттан,

Аман ет деп артыңдағы қалғанын, – дей отырып, әкеміз Нұрлыхан Сұлтанұлының қырқы 10 мамыр күні сағат 12.00-де Шіркейлі ауылындағы өз үйінде берілетінін барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, ұжымдастар мен тілеулес жандарға хабарлай отырып, қасиетті құран ішінде болып, ниетімізге ортақтасуға шақырамыз.

Еске алушылар
Байжановтар әулеті.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ ЛАУАЗЫМ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Азаматтарды қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның тегі, аты-жөні	Азаматтарды қабылдайтын адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Байқадамов Наурызбай Сейтқалиұлы	Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы	сейсенбі сағат 15.00-17.00	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, № 1	605401
Қосмамбет Мәлс Назарұлы	«Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» ММ басшысы	бейсенбі сағат 15.00-17.00	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, № 1	605399

Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауға алдын ала жазылу үшін 8(7242) 605401 байланыс телефоны арқылы хабарласуға немесе Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, № 1 мекен-жай бойынша келуге болады.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облыстық мәслихаты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі № 1 ғимаратында «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Азаматтардың өтінішін қабылдау жәшігі» орналасқандығын және 605401 нөмірлі «сенім» телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды. **Электронды мекен-жай: kyz_oblmaslikhat@mail.ru**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Қызылорда облысының білім саласындағы бақылау департаментінің 2019 жылдың II тоқсанына арналған жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Т.А.Ә.	Атқаратын лауазымы	Қабылдау күні, уақыты	Мекен-жайы	Байланыс телефоны
Карабалаев Ерлан Жагыппарович	Департамент басшысы	Жұма сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы,Төле би көшесі, №36 2-қабат	8(7242) 40-63-83
Мырзагалиева Айгуль Абаевна	Әдеп жөніндегі уәкіл	Жұма сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы,Төле би көшесі, №36 2-қабат	8(7242) 27-05-47

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» Заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында департаментте арыз-шағым жәшігі орнатылған, сонымен қатар 8(7242) 27-05-47 сенім телефоны жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, 120014, Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 36. Электрондық пошта: kadry.kksonkyzylorda@edu.gov.kz

№63-64 (19741-19742) 3 мамыр, жұма 2019 жыл

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Байқау жүлдесі – жерлесімізде

Атырауда өткен “Саз пернесі – Сарайшық” халықаралық домбыра фестивалінде жерлесіміз Абылайхан Ысқақов жүлделі I орынды иеленді. Фестивальға еліміздан бөлек Қырғызстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Түркия, Қарақалпақстан елдерінен келген 20-дан астам өнерпаз қатысқан.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Ішекті-шертпелі домбыра тектес аспапта ойнаушылар арасында ұйымдастырылған конкурстың басты мақсаты – қазақ халқының ұлттық құндылықтарын дәріптеу, дамыту және ежелгі астанамыздың бірі, киелі Сарайшық қаласын ұлықтау болатын.

Қатысушыларға байқау барысында бірнеше талаптар қойылған. Біріншіден, мемлекет деңгейінде атағы бар адамдар қатыса алмайтын болса, екіншіден, шетелдік орындаушылар да өз музыкасымен бірге қазақтың күйін орындауға міндеттелген. Абылайхан Ысқақов бұл талаптардан сүрінбей өтіп, байқау барысында Жолдыбайдың “Қара жорғасын”, Баламайсаның “Дүниеғапыл”, Қазанғаптың “Жем суының тасқыны”, Есірдің “Күнтай”, Құрманғазының “Бұлбұл” күйлерін аса жоғары деңгейде орындап шықты.

Осылайша, күйші түркітілдес елдер арасында өткен байқауда Сыр елінің абыройын тағы бір мәрте асқақтатты.

БӘРЕКЕЛДІ!

Ақтөбе қаласында «Жұбановтар әуені – 2019» халықаралық ұлт аспаптар оркестрлері мен ансамбльдер фестиваль-байқауы болып өтті. Төрт күнге созылған шараға Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда, Талдықорған, Орал, Ақтөбе қалалары мен Ресей, Түркия, Тәжікстан және Қырғызстан елінен келген өнерпаздар қатысты.

«Ақмешіттің» асуы

«Жұбановтар әуені – 2019» халықаралық ұлт аспаптар оркестрлері мен ансамбльдер фестиваль-байқауы қазақ музыкасын кәсіби тұрғыда әлемге танытқан академик Ахмет Жұбанов пен КСРО халық артисі, композитор, профессор Ғазиза Жұбанованың атын есте қалдыру мақсатында өткізілген ауқымды өнер мерекесінің бірі. 2006 жылдан бері өткізіліп келе жатқан өнер мерекесі биыл Ақтөбе қаласының 150 жылдығы мен Ғ.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясының 75 жылдығына арналды.

Оннан астам өнер ұжымы қатысқан байқауда бас жүлде қызылординалық «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі мен Ақтөбе облыстық филармониясының А.Жұбанов атындағы қазақ ұлт аспаптар оркестріне бұйырды.

Өнер кеші Құрманғазы атындағы Қазақтың мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрінің 85 жылдығына арналған «Ұлы даланың әуендері» атты концертімен жалғасты. Сыр өңірінің мәртебесін асырған облыстық филармонияның «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі ұжымына шығармашылық табыстар тілейміз!

«СБ» ақпарат.

ҰЛТ ӨНЕРІ

Қазақ халқы қашаннан Қамбар ата ұрпағын қасиетті жануар қатарына қосқан. Тіпті, оны төрт түліктің піріне балап, перзентіндей мәпелеген.

Атсейіс

Ақай ауылының тұрғыны, жас кезінен мал шаруашылығына, оның ішінде жылқы бағуға өмірін арнаған, Арал, Қазалы өңірі тұрғындары есінде «Мінәждің Шабдар қасқасы» деген атқа ие болған Мінәжадиннің баласы Сейіт те өсе келе ата жолын сабақтастырды.

«Ата жолы – анық жол» дегендей, бала кезден әке жанында жүріп, ат баптаудың қыр-сырын меңгерген Сейіт мектепте оқып жүргендеақ, ауданда өткізілген малшылар слетінде әкесін аймаққа даңқты еткен «Шабдар қасқа» құнанымен бәйгеге шауып, жүлде алғаны әлі есінде.

Осыдан кейін-ақ ол ат баптауға құлшына кіріседі. Әрине, оған ағасы Серік көп көмектеседі. Содан бері арада зуылдап жылдар өтті. Бүгінде екі ұлдың әкесі атанған, қырықтың ортасына келген Сейіт қорасында шабысқа дайындап отырған екі құнаны мен «Күрең қасқаны» баптауға алған. «Күрең қасқа» жуырда Сарбұлақта өткен 24 шақырымдық аламан бәйгеге қатысқан 15 жүйріктің ішінен бірінші келсе, Пер құнаны жақында ауыл тұрғындары ұйымдастыратын тасаттықтағы бәйгеде бағын сынамақшы.

– Бала жасымнан атқа құмар боп өскендіктен бе, әйтеуір жылқы туралы әңгімеге елеңдеп тұрамын. Марқұм әкем бар өмірін жылқы баптауға арнады. Ағам Серік те солай. Бірақ бүгінде сейістер қатары сирек. Ауылымызда менен басқа Сайлау Жалғасов деген азамат бар. Ол жүйрікті даусынан танитын білгір десем, артық айтқандық емес. Расында да, біздің ауданда мына шеті Қазалы, Арал, мына шеті Қызылорда, Шиелі өңірлеріндегідей жылқы баптаушылар көп емес. Десе де, қазалылық Мархабат, Нағашыбай, қызылордалық Дәулет, шиелілік Ибадулла есімді атсейістермен тығыз байланыстамын. Тіпті, олармен тәжірибе алмасып та тұрамын. Ауылда атсейістер клубы ұйымдастырылса деген де арман бар. Талапты жастар жетерлік. Тек оларды осы іске баулу керек. Елбасымыздың өткен жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы маған, маған деймін-ау, көптеген қазақ азаматтарына үміт ұялатты. Ықылым заманнан бабаларымыз өміріне серік еткен дәстүріміздің тағдыры бүгінгі жастардың қолында. Ал, аға буын өкілдерінің парызы – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан аталар дәстүрін жастарға аманаттау, – дейді атсейіс Сейіт.

Ақай ауылдық округінің аға ветеринары Қазбек Күншығаров және Сейіт үшеуміз «Күрең қасқа» жанында ат баптаудың қыр-сырын әңгімелеп тұрғанымызда, аулаға екі жас жігіт кіріп келіп, амандық-саулық сұрасқан сейіс жастарды бізге таныстырды. Бұлар да жылқы баптап, олардың санын көбейтуге жұмыс істеп жүр екен. Сейіт пен олардың әңгімелері бірден жарасып кетті.

Сейіттің Дулат есімді ұлы бәйгеге шапса, Дәурені оның жаттықтырушысы. Екеуі де мектептен үйге келгенде бірінші ат қораға бас сұғады екен. Тұлпарларының халжағдайын біліп, оларды бір сипамай үйге кірмейді.

Қолда түйе де, сиыр да бар. Балаларымның көмегімен оларды да бағымда ұстаудамыз. Көбейту де ойда жүр. Алла қаласа, бұл жоспарды да іске асырмақшымыз. Елбасының қолдауымен осы саланы дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар өміршең болуда.

Тіпті, осы жобалар аясында көптеген азаматтар кәсіп ашып, нәсібін тауып жатыр, – дейді ол.

Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ.
Байқоңыр қаласы.

«ЖЕНЬШЕНЬ – ӨМІР ҚУАТЫ» –

ҒЫЛЫММЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ТАБИҒАТ КЕРЕМЕТІ

«Женьшень - өмір қуаты» бальзамы – (Сәйкестік декларациясы ЕАЭС №RU Д-RU. АД81.В.14213, 24.07.2018 жылдан 23.07.2021 жылға дейін жарамды)

Қытай тілінен аударғанда женьшень сөзі «жень» - адам, «шень» - тамыр деген мағынаны білдіреді. Аңыздарға сүйенсек, бір қызығы, женьшень де адам сияқты өмірге келеді екен. Мөлдір суға найзағай түсіп, онымен жер астына барады да, ұрықтанғаннан кейін, сол жерге Құдай ерекше қасиет дарытқан керемет шөп өсіп шығады. Ежелгі адамдар бұл өсімдікті барлық ауруға ем болатын ең пайдалы шөп деп, тіпті өлген адамды тірілтетін қасиеті бар екеніне де сенген.

Бүгінгі таңда арадан қаншама ғасыр өтсе де, ғалымдар тамыр дәрінің аңыздарда айтылған сиқырлы қасиеттерін жоққа шығармайды, керісінше, женьшеньді қолдану негізінде дайындалған препараттар шынында да адам өмірін ұзартып, ағзаны жасартуға ықпал ететінін дәлелдеп отыр. Олар физикалық және мидың шаршауын басып, еңбекке қабілеттілігін арттырып, жыныс мүшелерінің қызметін қалпына келтіріп, тәбетті жақсартып, қан қысымын реттеп, орталық жүйке жүйесін тынықтыратын қасиетке ие. Осының бәрі шөп дәрі жасаушылардың ойлап тапқаны емес, ғылыммен дәлелденген факт.

Табиғат женьшеньді мінсіз қылып жаратқан. Қазіргі заманауи технолог-ғалымдардың негізгі мақсаты женьшеннің барлық пайдалы қасиеттерін сақтай отырып, дәрінің ең тиімді түрін жасап шығару. Сонымен қатар, құрамындағы барлық заттар бір-бірінің емдік қасиетін төмендетпей, бірлесіп, пайдалы қасиеттерін арттыру. Және дәрінің ең жақсы нұсқасы табылды! Өмірлік маңызды «Женьшень – өмір қуаты» фитонаноцевтикалық топтамасы – бұл көне Сібір шөп дәрі жасаушылардың рецепті бойынша, женьшень биомассасын наноқұрылымдау заманауи технологиясын қолдана отырып жасалған табиғи өсімдік бальзамы.

Женьшеньнің жапырақтары мен тамырынан дайындалған мицеллярлы түрдегі тұнбаны қолданудың арқасында бұл фитонаноцевтикалық бальзам организмге жақсы еніп, белсенді мицеллярлық құрамы асқазан-ішек жолдарына тез сіңу қабілетіне ие. Жоғары белсенді компонентті «Женьшень – өмір қуаты» фитонаноцевтикалық топтамасы тонусты көтеріп, ағзаның жағымсыз әсерлерге қарсы тұру қабілетін арттырып, қабыну процестерін жояды. Сондай-ақ, бактерияға және вирусқа қарсы әрекет етіп, қан қысымын реттеп, қанның құрамын қайта қалпына келтіріп, өкпе мен бронхтарды, қанды тазартып, ішкі секреция бездерін, зат алмасуды жақсартып, тас түзілуіне кедергі келтіреді. Аллергиялық реакцияларды асқындатпай, ісікке қарсы белсенді қызмет етеді.

Биологиялық активті қоспалар дәрілік зат болып табылмайды.

Қолдану әдісі: күніне 3 рет тамақтанудан 30 минут бұрын 1 шай қасық бальзамды аузыңызда 30-40 секунд ұстап тұрып, содан кейін жұтасыз.

БАЛЬЗАМДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛЫМ:

- Жүрек-қан тамыры жүйесі жұмысының бұзылуы (жүрек әлсіздігі, жүректің ревматикалық ауруы, атеросклероз, вегетотамырлы дистония, тахикардия және т.б.).
- Жүйке жүйесі ауруларында;
- Гипертония мен гипотония кезінде қан қысымын реттеу;
- Ревматизм, артрит, артроз, буын аурулары, остеохондроз, подагра кезінде;
- Имунитетті көтеру және ағзаның жалпы жағдайын жақсарту;
- Түрлі инфекциялық, бактериялық және вирустық ауруларда;
- Тыныс алу жолдарының инфекциялық және қабынуында;
- Ас қорыту жүйесі ауруларында (ас қорытудың бұзылуы, гастрит, он екі елі ішек және асқазан жарасы)
- Бауыр ауруларында;
- Бүйрек және несеп шығару жолдарының ауруларында;
- Өт жолдарының дискинезиясы, өтте тас жиналу кезінде;
- Простатит, простата аденомасы кезінде;
- Терінің инфекциялық-аллергиялық ауруларында;
- Қант диабетінде;
- Қан тамырының ауытқуларынан болған көз ауруларында;
- Ісік кезіндегі өзгерістерде;

БІЗДІҢ КЛИЕНТТЕРІМІЗ БІЗ ТУРАЛЫ:

Ниязымбетов Жетес, 51 жас, Шымкент қаласы.
Мен 3-топ мүгедегімін. Жасым 41-ге келгенде екі құлағым естімей қалды. Содан мазасызданып, дұрыс тынығып ұйықтай алмай, жүйкем сыр бере бастады. Оған қоса, қанымдағы қант көрсеткіші көтеріліп, ішкі ағзамның жұмысы бұзылып, қан қысымым да көтерілетін болды.
«Женьшень» бальзамы туралы танысымнан естіп, алып іше бастадым. Ұйқым жақсарып, жүйкем тынығып, біраз тыныштала бастадым. Қант көрсеткіші тұрақталып, көңіл-күйім жақсарды. Осы бальзамды шығарушыларға ризамын, әлі де ішу курсын жалғастырудамын!

Смайлқызы Несіпқұл, 69 жас, Түркістан қаласы.
Мен 69 жастағы анамын. Ауырмайтын жерім жоқ. Басым ауырады, қан қысымым жоғары, бүйректе құм-тұз бар. Оған қоса, көзім нашар көреді. «Женьшень» бальзамын газеттен оқып, ішіп жатырмын. Шүкір, осы бальзамды ішкелі жағдайым едәуір жақсарды. Ең бастысы, көзім жақсы көре бастады, басымның ауырғаны қойып, қан қысымым тұрақталды. Бүйрегім жақсы жұмыс істей бастады. Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздейік дегім келеді. Мен барлық таныстарыма «Женьшень» бальзамын ішуге кеңес беремін, өйткені мен дәрі-дәрмек ішуді қойып, тек қана «Женьшень» бальзамын ішудемін.

Маешова Қалдыгүл, 45 жас, Шымкент облысы, Түлкібас ауданы.
Мен «Женьшень» бальзамын 1 ай іштім. Бұрын менің асқазаным ауыратын, оған қоса жүйкем де сыр берген. Жүйкемнің қабынуына байланысты бетімде аздаған діріл пайда болған еді. «Женьшень» бальзамын 1 курс ішкеннен соң бетімнің дірілдегені аздап басылды, асқазанымның жұмысы жақсарды. Дертімнен толық айыққанша бальзамды әрі қарай да іше беремін. Сіздерге көп рахмет!

Волкова Валентина, 50 жас, Шымкент қаласы.
Көп жылдар қысы-жазымен бір түсінбейтін жөтел мазалап келді. Қандай дәрі ішіп, ем қолдансам да кетпеді. Сонымен қатар, бірнеше жыл бұрын инсульт болды. Содан кейін сөйлеу қабілетім және қимылым нашарлады. «Женьшень» бальзамын 1 ай іштім. Жөтелім басылды. Неше түрлі шырыш қақырық шығып, ішкі құрылысым жақсы тазарды. Іс-қимылым белсенді болып, жүре бастадым. Бірақ бальзамды ішуді тоқтатпаймын. Сіздерге алғысым шексіз!

Мына телефондар арқылы маманнан кеңес алып, тапсырыс беруге болады:
8 702 911 55 55, 8 777 114 13 20, 8 727 327 88 02

Бір курсқа бальзамның 8 қорабын қабылдау ұсынылады.

Бір қораптың бағасы – 4000 теңге.

3 қорапша алсаңыз, 4-ші қорапша ТЕГІН

«Женьшень» бальзамы, «Саган Дали» капсуласының қасиеті және «Кудзу» тамшылары туралы СІЗ МЫНА КҮНІ ӨТКІЗІЛЕТІН САТЫЛЫМ КЕЗІНДЕ БІЛЕ АЛАСЫЗ: Қызылорда қаласында 16 мамыр күні сағат 10.00-11.00 аралығында Ә.Тәжібаев атындағы кітапханада. Абай даңғылы, 53 Д, 1-қабат, конференц зал.

«Қайсардың» кезекті жеңісі

Премьер-лиганың 8-турында «қайсарлықтар» қарсыластарын қапы қалдырумен келеді. «Шахтермен» болған ойындағы жеңісін «Қайратпен» кездесуде де қайталады. Өз алаңында олар қонақтардан 2:1 есебімен басым түсті.

Дәулет ҚЫРДАН.

Кездесудің алғашқы 20-минутында «Қайраттың» ойыншылары белсенділік танытты. Георгий Жуковтан пас алған Мартон Эппель допты «Қайсардың» қақпасына сүңгітті. Ойынның бірінші бөлігінде қонақтар басымдық танытқанмен, екінші бөлігінде ойынға қосылған Марат Хайруллин жергілікті команда ойынына өзгеріс әкелді. 52-минутта Александр Морочкин есепті теңестірді. Көп ұзамай Асхат Тағыберген де қарсылас қақпасына гол салып, есепті еселеді.

«Қайсар» 5 мамырда сырт алаңда «Ақтөбемен» кездеспек.

Газетіміздің келесі саны 7 мамыр, сейсенбі күні шығады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. “АҚ” - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат инистрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 29258 Тапсырыс №677 | Кезекші редактор **Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.**